

845523
3-96

Тоқтар Зікірин

ЖАДИ
АСУАҒЫ!



Тоқтар Зікірин

ЖАН ШУАФЫ

(Өлеңдер, балладалар, толғаулар)



Алматы
ЖШС «Жас Улан и К» Баспа үйі
2007

Зікірин Т.

3 95

Жан шуагы: өлеңдер, балладалар, толғаулар. – Алматы: ЖШС «Жас Улан и К» Баспа үйі, 2007. – 144 бет.

ISBN 9965-566-20-8

39896

Сексенінші жылдардың басында Қарағанды кооперативтік институтында оқып жүрген кезінде-ақ балауса жырларымен әдебиет сыйнышыларының назарына іліккен Тоқтар Зікірин – қазір облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде шыгармашылық топтың жетекшісі. Қырық жылдай қолыштан қаламы түспеген ақын сыр-сезімдерге толы толғанысты сәттерін жыр жолына түсіруден жалаққан емес.

Республикалық және аймақтық жыр мүшәйраларының бірнеше дүркін женімпазы Т. Зікіриннің бұл жинағын оның үзақ жылғы еңбегі мен ізденісінің жемісі деп таныған жән.

A 4702250202
00(05)-07

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-566-20-8

© Т.Зікірин, 2007.
© ЖШС «Жас Улан и К»

Баспа үйі, 2007.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Бірінші деңгі

ТУҒАН ЖЕР – АЛТАЫН БЕСІГІМ



КЕҢ ДАЛАНЫң ҰЛЫМЫН

Тұлпарлардың тыңдалған өскен дүбірін,
Мен қазақпын,
Кең даланың ұлымын.
Еркіндікті аңсап ерен,
Қол жеткен,
Тәуелсіздік – менің биік тұғырым!
Сол тұғырдан тайдырмасын деп тілеп,
Лұпілдейді елін сүйген от жүрек.
Болашақтың батпан жүгін көтерген,
Бәйтерегім тұр ғой бүгін көк тіреп.
Көк тіреген үмітім мен арманым,
Алғы құнға ақ тілекті жалғадын,
Озық елдер қатарына енгенше,
Сезінеміз тартар жүктің салмағын.

Ұмтылыстар,
Құлшыныстар елдегі –
Бәрі, бәрі еркіндіктің бергені,
Шідер болса, тұсау салған аяққа,
Қол жетер ме игілікке төрдегі.
Еркін қазір елімдегі бар ісім,
Әр қүн асқақ – ұлы женіс,
Табысым.
Отыз жылдық белестерге бет алды,
Айбаттанған,
Қайраттанған барысым.
Керіп бүгін тәуелсіздік жемісін,
Онға басып отыр барлық өр ісім.
Біз қазақтың баласымыз біріккен,
Еңбек еткен Отан үшін,
Ел үшін.
Басымыздан өткен зорлық, өгей құн,
Соның бәрі оңай келді демеймін.
Тәуелсіздік жолындағы құресті,

Жүректегі жанартауға теңеймін.
Қалмаса да біздің ұзақ көш кімнен,
Тарих жолда талай азап кештім мен.
Көкіректе ыза-кегім алдымен,
Домбыраның қос шегінде естілген.
Қобыздардың зары болып төгілген,
Сыбызығы саз талай құмға көмілген.
Бірақ біздер оттан қайта жаралған,
Құстай болып,
Өшкен жоқпыз өмірден!
Өшкен жоқпыз,
Көшкен жоқпыз даладан,
Емін тауып қансыраған жарадан.
Алты Алашты азаттыққа шақырған,
«Алқа көл, сұламадан» тарады ән...
Сол ән жетті желтоқсанға қаһарлы,
Дүр сілкінтіп кен әлемді, жаһанды.
Бодандыққа қарсы тұрган алғашқы,
Қазақ осы қайсар ұлан атанды.
Қайсарлықты намыс отқа жаныған,
Еркіндікті артық көрген жанынан.
Сол жастардың батыр үрпақ екенін,
Барша галам ерлігінен таныған.
Үлт азаттық бастау алып сол күннен,
Тәуелсіздік тұғырына қондым мен.
Елім менің қыран құстай самғады,
Он бес жылда бір ғасырдай жол жүрген.
Қадамы нық бүгін алға бастаған,
Елім – өрде,
Жанымға көп дос табам.
Ұлы достық отауына айналды,
Евразия кіндігінде Астанам!
Алда менің алар асу, несібем,
Жүріп келем Ұлы тарих көшімен.
Еркіндіктің лебі есіп тұрады,
Қашан-дағы дархан дала төсінен.
Тұлпарлардың тыңдал өскен дүбірін,
Мен қазақын,
Кен даланың ұлымын.
Бостандықты аңсап ерен,
Қол жеткен,
Тәуелсіздік – менің биік тұғырым!

ЖАСАЙ БЕР, ҚЫЗЫЛЖАРЫМ!

Домбырада күйімсің шертер менің,
Қазақстан байтағым –
Көркем жерім.
Сарыарқаның түстігін алып жатқан,
Солтүстігім гүлдендін,
Өркендердің.

Енші бөліп заманмен жарысқан күн,
Мерейіне бөлениген табыстардың.
Тегеуріні болдың сен Айға атылған,
Қазақстандай айбарлы арыстанның.

Бас байлығың – астығың қамбаңдағы,
Тыңнан бастап толысып, толған дәні.
Бүгінгі бес миллион қызыл астық,
Миллиардтар дәстүрі жалғанғаны.

Озық іске бел шешкен қанаттанып,
Өзгеріс бар өнірде, алапта анық.
«НАТИ» мінген кешегі қазақтарым,
«Джон-Дирлермен» жатыр ғой жарақтанып.

Тер тәкпесе мол астық өсер ме еді,
Диқандардың ол да іске тәселгені.
Сиыр жеккен бір кезде тырмаларды,
Ауыстырды енді егіс кешендері.

Қай істе де алға озып үрдіс жана,
Тоқтап қалған жан бітті құрылышқа да.
Күннен күнге құлпырып бара жатқан,
Қызылжарда, япырмау, бір күш бар, ә!

Көше толған түнгі оттар шырағына,
Қызығамын қазіргі тұрағыма.
Мұражайы тарихтың сырын шертіп,
Көз тартады мешіті, храмы да.

Бұрын бәрі түске де енбегіндей,
Жасампаздық ісімен ел кенен ғой.

Шаттық ойдан шалқыған жүргегімді,
Қуаныштың толқыны тербегендей.

Болса осындай үрпақтың сүйетіні,
Жыр жазады сүйініп жиі ақыны.
ТМД-да теңдесі жоқ, шіркін-ау,
Бізде жанды ғасырдың БИО отыны.

Мақтанаарлық, ісім көп шаттанаарлық,
Бәрін тізіп көнілге, жаттап алдық.
Өркендесе қарыштап, өнірімнің –
Басына кетпейтүгүн бақ қонар нық.

Толтырып қамбаға құт қызыл дәнін,
Келтіріп өндірістің жүз ырғағын.
Гүлденіп, жасампаздық жолыменен –
Жасай бер, жасай берші, Қызылжарым!

ЕЛБАСЫНА

Кемел ойлы, ақылгәй данасы нар,
Асылдарды туған бұл дала шығар.
Қазақ қайтіп озбасын өзгелерден,
Елбасы бар, өзіңдей панасы бар.

Бекіткенде ел болып керегені,
Арқа тұтар бір алып керек еді.
Қазагыма дүрыс жол сілтей білген,
Өзің болдың өмірдің көрегені.

Өзгелердей қан төгіспей, дүрлікпей,
Егемендік алған біздің бірлік қой.
Абылайдай асыл туған ұл барын,
Сол бір қызын кезендерде білдік қой.

Мәскеуді де тыңдатып, басқаны да,
Бейбіт шуақ күн туды аспаныма.
Төрткүл дүние түгелдей қазагымның
Айналып жүре берді достарына.

Соның бәрі парасат, кемелдігін,
Кеміте алар Елбасым өреңді кім?
Жасампаз ойларыңың жүзеге асқан,
Жемісін елімдегі көрем бүгін.

Кім білген дәл мұндай самғау барын,
Жүректерде лапылдаш жанды-ау жалын,
Алғы күнге үмітті арттырады,
Жыл сайынғы жігерлі Жолдауларын.

Бағдарлы даму жылдар белгіленген,
Айқын жол, Ұлы мақсат – көрдім елден.
Елуден өлемдегі ойып тұрып,
Күнге де жетерміз-ау төрді берген.

Өсіріп қашан-дағы ел беделін,
Өзгеден өз жұртыңды кем демедін.
Өзінді тау көтеріп қайыспаған,
Тұлғалы Толағайға теңгеремін!

БАУРАДЫҢЫЗ ЖҮРЕКТІ

Ел таңдауы Сізге түсті тағы да,
Қазағымның тұған жансыз бағына.
Елбасы деп еліңіз көкке көтерді,
Осы сөзде бар ғой үлкен мағына.

Еркіндікті аңсап күтіп алдағы,
Бола білген қазақ елі қорғаны.
Ағынтай мен Қарасайдай бабалар
Аруағы Сізді тағы қолдады.

Асқақтатқан қазағымның кемелін,
Абылайдың беріп Сізге беделін.
Елбасым деп танып бүгін бар халқын,
Сізге сенім артып отыр өз елін.

Халықпаз ғой еркіндіктен нәр алған,
Барыс жүрек батыр болып жаралған.
Ақ киізде Елбасым деп ардақтап,
Хан көтеріп отыр Сізді Ақ ордан.

Алатаудан көк Есілге дейінгі,
Өр Алтайдан көне суға дейінгі
Байтақ жатқан Қазақ елі сайлауда,
Танытты ғой Сізге деген пейілді.

Парасатты ақылменен, ойменен,
Төрт құрлықтың мінберінен сөйлеген.
Шашасына су жұқтырmas тұлпардай,
Озып шығып отырсыз ғой бәйгеден.

Халық Сізді Елбасым деп таңдады,
Көш бастайтын ұлы істерге алдағы.
Болашағы мықты қолда елімнің,
Осы болар жұлдызының жанғаны.

Оңайлықпен қонбайтұғын қолға кеп,
Демократиямыз жетістігін жалға деп,
Сіз келесіз алдымызда Елбасым –
Қазақстан алға басшы, алға деп!

ЕРКІНДІК ЖЫРЫ

Еркіндікті көздеген,
Батыр халық, кемелміз.
Бүгін біздер өзгемен
Терезесі тең елміз.

Оңай өттік демеймін,
Бостандыққа бұғаудан.
Сыртқа теуіп өгей күн,
Бастан бақыт мың ауган...

Мына байтақ даланын,
Тәні тозған түяқпен.
Сыбызығы саз, жаралы үн.
Тері тулақ сияқты ем.

Шығысымда шошақты,
Шұршітің мен жонғарын.
Талай үрыс жасапты,
Қалай аман қалғаным?

Шұбырынды ақтабан,
«Елім-айлап» зарлаған.
Кезде де құдай сақтаған,
Даламыз өзі қорғаган.

Анау Сейхун, Жейхунда,
Тұстік хандар тұрткілең.
Айтыл шындық, айтылма –
Қанға бөгіп, жұттық от.

Дамыл бермей, шапқындал,
Жауларым көп алысқан.
Аман қалды ақ құндақ –
Қазақ деген арыстан!

Жерін, елін қорғаган –
Қазақ көкжал, деді ғой.
Алысқаннан қалды аман,
Бәрілермен бәрідей...

Момын емес, шыдамды –
Шымырлықты танытыйп.
Батырлықты, мұрамды –
Келеді әлі дамытып.

Жуас емес, жүндейтін –
Жігері бар, жалы бар.
Қорку, үркү білмейтін
Үл да бізден табылар!

Желтоқсанда отарлық
Бұғау үзген бірлігі.
Ар, намыстан от алдық,
Ол да қазақ тірлігі!

Қымбат жеңіс татымы,
Бірлігімен ел мықты.
Таптық бүгін ақыры –
Шын еркіндік, теңдікті!

ҚАЗАҚПЫЗ

Қазақ едік қашаннан
Жауға намыс бермеген.
Қара тастан қашалған
Алмас қылыш сермеген...

Ұлан-байтақ өлкенін,
Данқы қалай кемісін?
Қазақ үшін мәрт өлім –
Елі менен жері үшін.

Еркін өскен ұланбыз,
Жастан тұлпар жалында.
Сақпызы әлде Тұранбыз,
Тағылық бар қанында.

Алтай менен Оралдың,
Жетісу мен Ертістің
Ортасында жааралдың,
Арыстандай ең күштім!

Алқакөлден сұлаған,
Шұбырынды ақтабан...
Ұзақ жолда бұралан,
Құдай өзі сақтаған.

Алты Алаштың айбынды
Басын қосып, бар иен.
Ұмыттырған қайғымды,
Абылайдай хан ием!

Биік қойған бәрінен
Ары менен намысын.
Қазағымның төрінен
Төрелігін танысын.

Момын десе – момындық,
Біздің достық пейілден.
Кенде етпеген өмірлік,
Хаяу-анамыз мейірден.

Қазақ едік далада
Қала салып көрмеген.
Жанкештіде, додада –
Аласарып көрмеген.

Біздің қамал – халықтың
Тірлігі мен бірлігі.
Талай тажал-алыптың
Тілінгені тұндігі.

Ұлан-байтақ өлкенің
Осы құнге жеткені.
Бабаларым ертеңін –
Бізге жалғап кеткені!

ЖЕР-АНА

Жылжымайтын мұлік пе жер дегенің?
Атаманыз,
Анаға тәңгеремін.
Малын бақсын, мейлі егін ексін,
Тауып келген бұл жерден ел қорегін.
Анасындаі балаға ақ сүт берген,
Тірлік нәрі – бәрі осы мақсұт жерден.
Баласынан айрылған жетім жерлер,
Шөлге айналып,
шөліркеп, қаңсып келген.

Жылжымайтын мұлікке жатқызыбағын,
Егін септір, сол жерге бақтыр малын.
Мұлік қылып біз оны сатар болсақ,
Өз мойныңа қыл тұзақ лақтырғанын.

Жерсіз жанға кім тізе батырмайды,
Ондайларды құл дейді, жатырқайды.
Тұған жерді біз мына ана десек,
Асыл ана ешқашан сатылмайды.

Бабалардың және онда қаны да бар,
Дақ түсірмей қорғаған арына нар.
Киесіне ұшырап қара жердің,
Не көрінді өзegenің қоры болар.

Жер сатылу сөз болып, қозғалғанда,
Алданбайық біз осы арзандарға.
Көркеюі ауылдың мүмкін емес,
Жерін сатып азғана қаржы алғанға.

Құдіретті құдайдың өзі берген,
Көрінбеспіз күндердің өрінен кем?
Жерде туып, жерде өсіп, жер жастанып,
Адамзатым барлығы жерін емген.

Енді қалай біз оны мұлік дейік,
Мұлік қылып,
Тұзаққа ілікпейік.
Жер сатудың орнына, жерді аялап –
Ана деуден қашпайық, үрікпейік!

ТУҒАН ЖЕР

Таулар бар ғой тұратын қалқып шындар,
 Баулар бар ғой құс әнін балқып тындар.
 Жаз айында сыршыл үн – жүрекке ән,
 Тұған жердің қайыны, артықсындар.

Мұхит бар ғой желкен сап келемісін, – дер
 Теніз бар ғой тар болса өлең үшін жер...
 Толқындары тербелген күміс күлкі,
 Тұған жердің көлдері, әлемісіндер...

Тізбек-тізбек көкте үшқан
 жаз құсым бар,
 Аспанымнан күй төгіп, саз құшындар...
 Қырда жүріп қызығалдақ теретүғын,
 Тұған жердің қыздары наздысындар.

Бұлдірген бектер-қия, шың, төрімсіндер,
 Биіктемен биіктеп көрінсін жер...
 Шыңға біткен шынарга қолын созған,
 Қырда қызыл гүлдерім, керімсіндер.

Керімсіндер сыршыл үн – бал бұлағы,
 Сыбырылайды сыр айтып тал-құрағы.
 Тұған жерін сүйгендер – жүрегінде
 Тұған жерін мәнгілік қалдырады...

* * *

Жыр жазуға құштар болды жаным бұл,
 Сонда мені сағындыртты-ау сағым-қыр.
 Тұған жер! – деп ақ

қағазға түсірсем,
 Көмейімнен төгіледі

ағын жыр.

Сезім мөлдір, мөлдір
 бейне ақ айдын,
 Қырда жүрлім, гүлдер
 тердім талай күн.
 Көп үнілдім жәудіреген
 көзіне

Көз үялтқан таңғы алау
арайдын.
Туган жерім, сенде менін
бар әнім,
Топырағыңнан гүлің болып
жаралдым.
Бар айтарым – менін
асыл анамсын,
Ал мен сениң мәнгі сәби
балаңмын!

• • •

Мәнгі жырлап келемін,
бір күн емес!
Күнім жоқтай бұл менен жыр тілемес.
О, туған жер, қымбаттым, сенер болсан,
Сені менің сүймеуім мүмкін емес!
Жүрек мынау туда егіз өзінменен.
Егіздерде сую бар,
Сезімменен.
Ең бірінші көргенім – көк аспанын,
Тырбанғанда тірегім – сені іздеғем...
Өмір жолым басталып «тәй-тәй-лаған»,
Ең бірінші жылаған,
Ақайлаған...
Туган жерің ыстық-ау, есейгенде,
Оқу,
жұмыспенен байқай ма Адам?!

Кейбіреулер жан тыш жай керек дер,
Мен ойлаймын, ал, досым, ойды елеп көр...
Бақыттырақ сияқты жүз жыл тұрып,
Туган жerde құлаған бәйтеректер.
Туган жерім – қазағым оралатын,
Туган жерге гүл болып жарал, ақын!
Кіндік қаным тамған жер – ең қымбаттым,
Ошағында лаулатып жағам отын!..

АУЫЛДЫ САҒЫНУ

Сенсөң мені бір сағыныш басып жүр,
Ашып айтар ақиқатым, расым бұл.
Іздейді екен, аңсайды екен даласын,
Қырықта да, қырма сақал жасында Үл.

Ойлайды екен ойын бөлген бал шағын,
Көкіректе көк жібектей бар сағым...
Қырықтағы қырдан асқан шағында,
Баса алмайды сағынышын, аңсарын.

Қырдағы ауыл қырық бөліп түн ойды,
Көрші қонып, қиялда да түнейді...
Тауып қылдай жүректің бір пернесін,
Сыр шерткенде сағынышың үдейді.

Самал кешке, жарық Айға, пәк түнге,
Жастық шақта қызығына баттың не?
Соның бәрі тұмандай боп сейілген –
Өзің бүгін өз ауылыңа жат күнде.

Думаны алыс, алыс қырдың әні де,
Көзден үшқан ертегідей бәрі де.
Шұрқыраған жетім құлын шетте жүр,
Қана алмаған саумал сүттің дәміне...

Ауыл десем ақтарылып асыл жыр,
Мені осылай бір сағыныш басып жүр.
Аңсан барып, айрылмastaй мәңгілік –
Табылатын шығар бірде қасында ұл?!

ЕЛДІ СҮЮ – ЕРЛІК ҚОЙ...

Елді сүю – ерлік қой жүрекпенен,
Ұл да болмас еліне гүл екпеген.
Қан майданда кешегі әкелерім
елін қорғап, тайсақтап дір етпеген!

Туган елдің кім сүймес солдаттарын,
жатты оларға халқымыз жолдаپ бәрін...
Майшамменен отырып тоқитұғын
әжелерім солдаттың қолғаптарын!

Жеңіс солай келді ғой. Бұл күн айқын!
Ел дегенде жүрек жоқ бұлқынбайтын.
Ұлы ерліктер жалғасып бара жатыр,
алғы күнге ағысы бір тынбайтын.

* * *

САҒЫНАЙЫН, ауылым, сағынбайын.
Жеткім келер өзіңе сағымдайын.
Әжелердің қана ішіп қою шәйін,
Женгелердің татсам деп сары майын...

Таусылмас-ау туган жерде қызығым,
Қарияларға сәлем берсем күнүзын.
Жұта берсем мас болғанша, шіркін-ай,
Ақ білекті қыздың берген қымызын.

Қарындасқа гүлдер шоғын бұлғасам,
Ағалардың әңгімесін тындаасам...
Сағынайын, ауылым, сағынбайын,
Мен өзінді төсінде бір жырласам...

ҚАЙЫНДАР

О, менің көлкіген көл сезімдерім,
Сендермен тілдеспек ойым бар.
Алдыма жайып сағыныш теңіздерін,
Құшақтарынды жайындар...
Сыршылдарым,
сырыңа қандыр мені,
Шақырып шалқыған шақтарда таң нұры мені,
Қырқада жүгіріп ем...
Желбірендер, билендер –
кек өрім, сұлуларым,
Жарасып мына жаңа өмір – көктемге,
Білемін сендерде жыр барын, жылу
барын,
Сүйіктім сыр әнін шерткенде...
Сырластарым,
мұндастарым ақ ару қайындарым,
Өмірге ерке ескен еркем менің?!
Тымық кештерде әуелеп жайылды
әнім.
Ойландырып ертеңдерін...
Қайындар,
О, менің көлкіген көл сезімдерім,
Сендерге табынам ба?
Сендерді сағынам ба?
Білмеймін, –
Осынау шақтарда өзім менің,
Асыға түсемін-ау тағы да алға...

ДАЛА СҰЛУ

Дала сұлу,
Таласпа меніменен.
Сонда туған бұл өзі керім өлең.
Дала мені жіберді жадыратып,
Гүл – жазира,
Жұпарлы деміменен...
Дала сұлу,
Даланың даңқын ойла,
(Сағым да сол далада қалқымай ма?)
Даладағы ормандар құс әнімен,
Құс әнімен тамылжып шалқымай ма?
Дала сұлу,
Көгілдір мұнар жайма,
Ақ бұлақтар алқына ағылмай ма?
Табиғаттың көркемі – ақ еліктер,
Ақ еліктер далада жайылмай ма?
Дала сұлу,
Далаға теңін қайдада?!
Құс базарлы, қанқулы көлім де айна...
«Ақ бидайдың» әнін жүр төгілліріп
Келіншектер қара көз егінжайда.

Дала сұлу,
Дала бұл – сәнімізде,
Шырай беріп жүр біздің әнімізге.
Дала жайлыш табірене айтамыз,
Дала қызын сүйеміз бәріміз де...

ЖҰЛДЫЗ

ӘЛІ ЕСІМДЕ сол бір тұн, сол бір көктем,
Ағып түскен бір жұлдыз мәлдір көктен.
Ағып түсті ауылдың аржағына,
Ай сәулесіне көгілдір көл дір еткен...

Жүгірдік қой бар бала жұлдыз іздең,
«Қандай өзі болады?» – білгіміз кеп.
Жас жүректер дүрсілдеп соғып тұрды.
Жанымызды аялап тұн қымыз леп.

Тұн жарымы ауғанша ізdedік біз,
Бір орынға жұз кетіп, жұз келіппіз.
Сенгіш жүрек, сәби көніл үмітті
Жетелей де береді бізді еріксіз.

Өмір ағын әлі талай сыйлар жүк.
Таба алмай жұлдызымызды қиналдық.
Шаршадық па әлде үміттен тұнілдік, –
«Көлге сұнгіп кеткен», – деп біз үйгардық.

...Қайттық сонда біздер үйге көнілсіз,
Анам мені күткен екен тәзімсіз:
«Жұлдызым-ау, кешіктің ғой!» – дегенде.
Жымидым да тұра бердім мен үнсіз...

ТӨРЛЕ, НАУРЫЗ!

Төрле, Наурыз!
Төрле, жана жыл басым,
Енді сені қазақ өгей қылмасын!
Жетпіс жылдай ұмыт қалған мейрамым –
Мен өзінен бастайынышы жыр басын.

Төрле, жылым,
Төрле менің – тәнірлім.
Алты алашқа ана сүттен мәлімдім.
Саған енді қоя алмайды тосқауыл
Тынысыңа тұсау салған әмір күн!

Төрле, көктем,
төрле, Наурыз –
төрге шық,
Наурыз тойсыз көгермейді
жер-бесік...
Бұрынғыдай қаңтар емес қақаған,
Енді отырмыз жыл басы бір – Сен десіп...

Бүкіл Түркі шығыс халқы шырайын,
Бір өзіне тоғыстырған құдайым!
Наурыз тойда қазан – отқа май құйып,
Тоқшылықтан тоқым қағар сұрайын.

Төрле, Наурыз!
Саған тұмар ілейін,
Тұмарынан тынысынды білейін.
Наурыз тойда көкжал наиза сындырып –
тіршіліктің тыныштығын тілейін!!

Төрле, жылым,
Төрле менің – киелім,
Келешектен бірлік болсын тілерім.
Байрағымда кереге көз – шаңырақ,
Киіз үйдің ұстап тұрған сүйегін!!
Көк байрағым,
ән ұраным,
бар заңым –

Дербес Елмін,
Кең әлемге бар мәлім!
Наурыз тойым тойланбаған шағында,
Тәуелсіздік болған еді-ау арманым?!

Тәубә бүгін, кем емеспіз
өзгеден,
Арманға да жеттік аңсал, көздеген.
Біледі әлем менің Түркі тегімді –
Жалғыз Наурыз деген ғана сөзбенен!

Төрле, Наурыз!
Төр сенікі – шық бүгін,
Төрден орын береді ғой құтты күн.
Елім барда,
жерім барда – қазақпын,
Дәстүріммен,
салтымменен мықтымын.

АНАҒА ЕСКЕРТКІШ

Өзің болып ансарым,
сағынарым,
Қонбаса деп жүруші ем жаныма мүн?
Шырақ отың өшті де жетім қалды,
Жетім қалды жүректе жалын әнім.

Жүре түссен еді ғой жалғанда аман,
Әнім қалды әлі де арналмаған.
Енді саған, жан ана, мәңгілікке,
Бір ескерткіш қою да арман маған.

Дәл осы бір борышым батады шақ,
Өтелмеген парызға, қатаға ұқсан.
Жанарыма қалады жас іркіліп,
Енесінен айырылған бота құсан...

Бәрін маған арнап-ақ өтіп едің,
Білмеді ғой кейінде өкінерін,

Жігіт болған шақта да ақыл айтып,
Әкесіз-ақ жеткізген жетімегің.

Өзің болып ансарым,
сағынарым,
Жүрегімнен төгілер жалын әнім.
Өлең сөзден ескерткіш қоям дағы,
Ана саған, мәңгілік табынамын.

АППАҚ ТІЛЕКПЕН

Өзіңсін анам – ардағым,
Алғысың алар көп бізден.
Өмірдің ауыр салмағын
Көтеріп бізді жеткізген.

Өмірде тағдыр – құш өкім,
Әкенің арман гүлі едік...
Әкеден қалып үш жетім
Өзіне арқа сүйедік.

Қызын да болды сол жылдар
Есімде, апа, менің де.
Есімде, өткір шалғың бар
Шөп шаптың Балуан көлінде.

Бұл, бәлкім, өмір күресі –
Өсірдің бізді, ұшырдың.
Жылдардың сол бір үлесі –
Шашыңа ақ та түсірді...

Төгілген жырым жүректен
Жеткізсе сырлы сезімді.
Балалық аппақ тілекпен
Жыр етіп жүрем өзінді...

АПА

Көз алмай келер жолымнан,
Жаудырап қарап жүрмісің?
Өзіңе сыйлар жанымнан
Ұшырдым, апа, жыр құсын.

Зымырап өтіп уақыт та:
Күн батып, қайта күн шығып.
Он бес жыл күткен бақытқа
Жеткізер болса тіршілік...

Кейістік көрген кезінде,
Басымнан сипап жай ғана,
Жас тұнып мұнды көзінде,
Жүруші ең, апа, ойлана.

Жетімдік қалып жырақта,
Есейдік сөйтіп жыл өтіп.
Оқуға кетіп бірақта
Тағы да жүрмін жүдетіп.

Көз алмай келер жолымнан,
Жаудырап қарап жүрмісің?
Жеткенше сенін жанына,
Талпынып ұшар бұл құсың!..

МАҒЖАН ЖҮМАБАЕВҚА

Жыр жазылды соры қайнап, сорланып,
Қан мен жасқа қаламұшын мол малып...
Көз майынан шырақ үзіп түнімен,
Асау жүрек теніз болып дoldанып,
Нәубеті мол тағдырына қорланып...

Жыр жазылды басылмаған, баспаған,
Баспасөзде кері итеріп тастаған.
Шындық үшін шешек шыққан бәледей,
Тіршіліктің санатына қоспаған,
Қоғамдағы пигылы жат – қас қалам...

Жыр жазылды жасын атып, күркіреп,
Шауып өткен тұлпарлардай дүркіреп
Кең даланы сілкіп-сілкіп кеткенмен,
Сүр аспанның ашылмады-ау бұлты көп,
Ақ қағазда қалды жалғыз құр тілек...

Жыр жазылды мұңға толы мұңайған,
Құдіретті адам түгіл, құдайдан.
Адамзаттың иманы еді-ау осы жыр –
Періштедей арылмаған шырайдан,
Құдіретті адам түгіл, құдайдан!

Жыр жазылды назаланып, күйініп,
Ағытылып, шабыт шалқар қүйылып.
Жазған сайын жаны рахат талқанмен,
Басына оның қара бұлтын үйіріп,
Қара аспанда қарақұстар шүйіліп...

ҚИЯЛДАН ҚАНАТ ҰСТАДЫМ...

Көнілімнің көктемін ұзбеу үшін,
Ай мандай арманымды іздеу үшін –
Үмітімнің жебесін ұштауым керек,
Сәйгүліктің жалынан ұстауым керек.

Жастық шағым жарқырап өтуі үшін,
Бұлақтарым сарқырап жетуі үшін –
Жақсылықпен жанымды тербетуім керек,
Енбекпенен шынығып ержетуім керек.

Достарыммен мәңгі адап жүруім үшін,
Шын көңілден кіршіксіз күлдім үшін –
Шық суындаш шын айтып мөлдіреуім керек,
Өмірде өзгеше елжіреуім керек.

Анашымның ақ сүтін ақтауым үшін,
Тұған жердің намысын сақтауым үшін –
Ізгілік ауылына жыр болып көшуім керек,
Атаға тартқан ұл болып өсуім керек!

ӨМІР ҚАНША ЖЫР БЕРЕРІН БІЛМЕЙМІН

Өмір қанша нұр берерін білмеймін,
Бұл адамда бірдей қайғы, бірдей мұн.
Бақытынан бал-бұл жанған жанды емес –
Қайғысынан жүнжігенді күндеймін.

Өмір қанша жыр берерін білмеймін,
Кейде танмын, кейде қара түндеймін.
Мен өмірге ғашық тұған жанды емес –
Жанарымен жер сызғанды күндеймін.

Өмір қанша сын берерін білмеймін,
Тірлігінде от баспайды білмей кім?
Тар жол, тайғақ кешіп өткен жанды емес –
Тегіс жерде сүрінгенді күндеймін!

Биік қойып арман менен мұратты,
Мені тағдыр талай-талай сынапты.

Тірлік беріп, нұрын беріп өбектеп,
Өмір қанша мұнын беріп жылатты.

Бақытың да баянды емес тұрақты,
Неше мәрте қырат – белден құлатты.
Мойып жүрген, жылап жүрген шағымда
Өмір қанша жырын беріп жүбатты.

Бұл өмірді кім қалай түсінеді,
Түсініксіз кейде бір кіслері.
Қасқыр алып барады кейбіреудін
Тазысы емес – қандені, күшігені.

НЫР

Аңсарым болды таң
самал,
Мен өзім таңды сүйемін,
Ақ таңдар мені қарсы
алар,
Ағытып жырдың тиегін.

Бойымда барлық ағын
куш –
Талпыныстардың тұрағы
Кеудемді кернеп
сағыныш.
Асықтырып тұрады...

Белдерді бастым көп
іздең,
Бір үміт-жіпті
сабақты,
Шектеліп қалдым теңіз
кең,
Алдыманнан сонда таң
атты...

Таппадым тағы бір
таңнан,
Іздеген ансар кезімнен,

Жанымнан сонда
бүрқанған,
Алапат толқын сезінгем.

Толқындар ұрып
кеудемнен,
Олар да таңға асықты.
Мен сонда нәзік сөулеңнен
Көрдім бір жұмбақ
ғашықты...

Сол еді – күннің ақ
нұры,
Алғашқы қырда гүл
құшқан,
Тым ұқсас маган тағдыры,
Жырларыммен бірге
ұшқан...

* * *

Аңсауым жастан арылмай жүрген кезімде
Шек қойған менің күнім жоқ әлі сезімге.
Асып та кетем, тасып та кетем, жастық-ай,
Күмбірлеп жүрген қоңыраулы дүние жez үнге...

Мен үшін ғажап – көз жетпес көркем көк белдер,
Аңсарым болып алыста жүрген көктемдер.
Жырлатып қойды, тамсантып қойды тағы да,
Жарығы нұрлы, жұмбаққа толы Көк пен Жер.

Арманға абзал көзайым болар әнім бір,
Көгілжім нұрдан қанатын кейде қағып жүр.
Ғасырдың барлық жүйрітеріне жеткізбей,
Қиялым отын көкжиектерден жағып жүр...

Мен үшін ғажап сұлулық дейтін көріклен,
Таңдарды көрсем бояуын әсем еріткен.
Құландар көшіп өтсе бір жүйткіп қырлардан,
Даланың сазды шектерін қайта серіпкен...

Төгіліп кетсе ынтық бір күйлер аңсаган,
Тау-дала бәрі таңдайын қайта тамсаған...

Жарығы нұрлы дүниенің әсем көркінен
Бал үміттерімнің біреуін іздең қарсы аlam.

Аңсауым жастан арылмай жүрген кезімде
Шек қойған менің күнім жоқ әлі сезімге.
Асып та кетем, тасып та кетем, жастық-ай,
Күмбірлеп жүрген қоныраулы дүние жez үнгे...

ТАҒДЫР ТОЛҚЫНЫ

Бұл дүниенің білгесін де жалғаның,
Орындалмастай көрінеді арманың.
Көрі өтеді, жас та өтеді өмірден,
Тата алмаған бақытының бал дәмін...

Тағдыр-толқын қайда барып соғарын
Білмеген сон жақыны не жағаның?
Сыбызығылы саз далада анырап,
Жалған дүние жаңғырық бол қалар үн...

Аз ғұмырдың шуағына малданып,
Күйкі тірлік, күн кешкенмен қарманып.
Ілкім сәтке, бәрін-бәрін ұмытып,
Күйе алмаған, сүйе алмаған жан гарып...

Көшер бұлттар, өшер өмір парагы,
Мәңгілікке адамзаттың жоқ әлі.
Күнге қолын созып бірақ сөнеді,
Жүрек қана жылап жатып жаралы...

ОҢАШАДАҒЫ ОЙ

Менде бір алау лапылдаپ барып сөнді ме,
Құ тірлік әлде көшіне салып жеңді ме?
Өмірден енді өгейсіп бара жатқандай –
Жырларым ұмыт, өлгенім емей енді не?

Теренім шалқар лайланып бүгін қалды ма,
Таңдайға әлі татымай келген тағдыр, ә?
Қоярға бүгін орын таппай қиналадам,
Жүректе жалғыз шырылдаған жанды да!

Сезімдер бекер сергелден етті, сүйгізді,
Дауылын берді, жауынын берді, құйғызды.
Жыр емес енді жүректен інкәр төгілген,
Сағыныш сырлар жаныма шипа тигізді.

Шыдай ма жаным, бәріне жүрек көне ме,
Тағдырым алда тағы да талан бере ме?
Сүрініп әлде кете ме арман-пырағым,
Келетін кезде, жететін шақта мәреге!

ІНІГЕ НАЗ

Құзгі алманың шырайы қызыл, іші құрт,
Ағаңың бүгін беделін қойдың түсіріп.
Айтарыңды айтып алып, інім-ау,
Дос қолыңды жүрсің енді ұсынып...

Әдетім жоқ ұсынған қолды қайтарар,
Сосын да сенің көнілін, інім, жай табар.
Ағаңа әсте наз айтар болсан қашанда,
Сарайын ашып, көнілін оның байқап ал.

Ойнақтап жүріп ағаңың бастың аяғын,
Білмейміз гой ертеңнің қайда саярын.
Бүйра басында бүйіғып жатыр терен ой,
Адасып кеткен шығар деп қана қоямын.

Жауапқа жауап,
жазбай-ақ қойдым мен де өлең,
Кешірім сұрап келдің ғой, інім, сен менен.
Сыйға – сый, сыраға – бал дегендей –
Дос көнілмен мен де саған қол берем!

ҚҰРДАСЫМ ТАҢСЫҚБАЙҒА

Бұйырганмен өмірде алуан дәм,
Тұлекпіз ғой бірге үшқан Балуаннан.
Бектергенмен қашшама жасты бүгін
Жастық шақта бәрібір қалу арман.

Еске аламын, жадымды тазалатам,
Сырласумен ататын бозала таң.
Ұрыспайтын ақкөніл Сентай әкең,
Таяғымен қуатын Назар атан...

Біздей болар бір болса аусар адам,
Соның қайсын айтып тауыса алам.
Әліппені үйреткен, адам қылышп,
Дәріс берген Қажытай, Науша ағам.

Бір-бір үйдің әлпеші, еркесі едік,
Шашағына шаң жүқпас серкесі едік.
Жұлдыз жамылып жүрдік қой талай түндер,
Жонышқа мен жусанды жер төсеніп.

Шөгір кіріп аяққа, шенгел басып,
Кездер болған қалатын аңғал басып.
Бірақ біздің бір жақсы қасиетіміз,
Отырушы ек қосылып армандасып...

Соның бәрін бүгінде бұлбұл үшқан,
Жылдарменен алыстап бұл жылышқан.
Бүгін елу төрінде отырғанда,
Бір-бір әйел бар енді бізді құшқан...

Ол, әрине, бақыттың ошағы ғой,
Өмір бізді отбасы жасады ғой.

Біздің енді келешек үрпағымыз,
Солар алға ұмтылып басады ғой.

Тәубә делік, біз соған тәубә делік,
Отыр достар толтырып тойға келіп.
Осы бір жыр жүректен төгілгені,
Осы бір жыр жаздырмай қоймады ерік.

ЖОЛДАР

Жолдар таусылмайды – жалғасы көп,
Армандарды жүреді алға сүйреп,
Жолдар айрылады деп айтамыз ғой бекерге,
Бір жерге құяды еken өзендей арнасы көп,
Адамдар, біздер жүрекпен ұғыспасақ та,
Ғашық боп бақыттымыздан бұрыс бассақ та,
Жолымыз айрылды дейміз, күрсінеміз,
Кейде тіпті досымызбен де ұрысқан шақта.
Жол бірақ таусылмайды, айрылмайды,
Жолдар жалғасады, өткенге қайырылмайды
Тек біздер ғана адасып қаламыз көп,
Баянды бақытқа төтелеп барамыз деп...
Жолдар адаспайды, жолдар табысады,
Жолдар алдыңнан шығып, арманға тағы ұшады.
Бұл жолдар адамға үмітті ағыс әлі,
Жолда айырылыспайды – жолда табысады!

КЕЛЕР КҮНДЕР

Келер күндер, о менің, ақ арманым,
Сендерге жүрегімнен өн арнадым.
Шатыққа толтырдағы келе берші,
Ақ көңіл арулардың жанарларын.

Жаныма отын тастап жыршы үміттің,
Көшіне ілестірдің тіршіліктің.
Келер күндер, мен сені сүйгендікten,
Келемін-ау осынша құлшынып тым...

Әрбір таңның шұғыла кірпігіне,
Мен ғашықпын өмірдің нұр күніне.
Асығып әрбір таңды қарсы аламын,
Түсірсем деп жүректің жыр тіліне.

Келер күндер өмірді жүз үқтывып,
Маңдайымды кетер-ау сыйып-тіліп,
Бұл түндерде жүрсем де бақытты бол,
Алғы күндер жүреді қызықтырып.

Келер күнде әлемде жылып қабақ,
Адамдар бір-біріне күліп қарап.
Күн кешетін күн бар, оған сенемін –
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап!!!

* * *

Жырлаймын мөп-мөлдір сезіммен,
Жүректен жыр бұлақ ашып ап.
Көргенім өмірде көзіммен,
Арман емес – ол менен қашық-ақ!

Жетем бе... кетем бе арманда,
Армансыз жүрек те кеуек қой.
Алдыңа бір мақсат алғанда,
Армандау, жетем деу керек қой...

* * *

Көк сағым ұшып қырқадан,
Ақ жібек самал есті енді.

Бұлбұлдар бақта шырқаған,
Әніне бөлеп көктемді.

Көлдерде қиқу құс келіп,
Толқындар күліп жатыр-ау.
Гүлдермен тұрган түстеліп,
Масаты – кілем атырау.

Жас құлын қашып желіден,
Қайыру бермей жүр әні.
Тұяқтан тұлпар желіген,
Тәгіліп кетіп қыр әні.

Шуақтап жатыр көгенде,
Қозы-лақ әбден тойған-ау.
Сүйсініп тұрмын өренге,
Үйретіп жүрген тайды анау...

Қырдағы нұрлы шат құнін,
Басталса әркез осылай.
Жастығын, нұрлы шаттығын,
Қартаймас еді, досым-ай.

* * *

Жырымды біреу түсінбей,
Жүрсе де, жаным, күйкі емен.
Мендеңі пірдің күшіндей,
Қаламым қағаз сүйкеген.

Гүл бол қызыл жандым ғой,
Таң ата алау ақ нұрдан.
Мен де бір пенде жанмын ғой,
Несібе күткен тағдырдан.

Арманым асыл демеймін,
Өзге бір жаннан артық па?!

Өзімді өзім жебеймін,
Тек қана, жаным, аптықпа?!

Данқ пен атақ дегенге
Тырысып жүрген пенде емен.

ДОСТАР КЕШІ

Мен қанша тұнде ойланым,
Серігім болды көп күндер.
Думанды кештін,
тойлардың
Қызығы, қайда кеттіндер?!

Достарым көп-ті бәрі, әттен,
Шалқытқан небір кештерді...
Алды-артыма қарап па ем,
Сауық жел ғана ескен-ді...

Жыр оқыдым, ән салдым,
Сонау бір думан кештерде.
Тамсанбасқа тамсандым,
Түседі бәрі еске енді...

Сейілді бәрі тұтіндей,
Сауықтан соңғы бөлмеден.
Көнілді бірақ бүтіндей
Алмадым гой мен деген!!

Әлі де бір би биленіп,
Жатқандайын тәтті-ай мұн...
Қимастық сезім күйге еніп,
Мен ғана жалғыз жоқтаймын.

Телміріп түнге қараймын,
Думанды кештер есімде...
Багы жанған талайдың,
Сол бір достар кешінде?!

ЕМХАНАДА

Бейқуат күн үркітіп, шайқасын ба,
Тағдырына тәубенде айтасың да...
Өмір шіркін тәттірек сезіледі,
Сырқатпенен адамның айқасында.

Шыққан шының, биігің, асқарың да,
Бәрі өткінші – жырың да, дастаның да.
Үміт жібін тірліктің тыныс қылып,
Пенделікке кешесің қас қағымда.

Тұннен қажып шығасың, аңсал таңға,
Атақтан да безесін, мансаптан да.
Жүрекке ем – Күн нұры, жырақ сәуле,
Содан қымбат нәрсе жоқ жан сақтарға?!

Ой мүжиді шекенде шымырлатып,
Есте жастық, махабbat, шырын бақыт.
Қимас кезде кездескен қигаш кесел,
Жүргінді жүлқиды шырылдатып...

Тәтті өмірдің тылсымы емес пе кей,
Әлсін-әлсін береді шөл өкшелей.
Ауа жұтқың келеді, көзінді ашып,
Жаңа келген өмірге нәрестедей.

Жаның жүдеп, мәп-мәлдір нұрға шомып,
Айықсан-ақ қалардай бір жасарып...

Сенгеніңмен сен соған, кесел деген,
Тұрғызбасқа тырысып, тұр қасарып.

Бойға оралған сонда бір ой тосында,
Әркім оны өзі екшеп байқасын да –
Өмір мұлде тәттірек сезіледі-аұ.
Ауру менен адамның айқасында.

ШАБЫТТЫҢ ШАЛҚЫМАСЫ

Сезімге бекер берілдім
бе екен
Жанымды салып азапты
мұнға?
Буғаным соған белімді
бекем,
Ақындығым мен
қазақтығымда!

Жалын бол лаулап
жандым ба, сірә,
Жылытып жүртты
шапағатыммен?
Осынау ұзақ жолдың
басында
Алғашқы аbat
махаббатыммен!

Ойлардан маржан іздедім
бе екен,
Тереннен сүзіп, теренге
бойлап?
Қиялдан үміт үзбедім
бе екен,
Фашық қып қойған өлеңге
Бейбақ?
Сарылып жылдар сағындым
ба екен,
Сағыныш сазды сағымнан
ізден?
Жолымнан солай
жаңылдым ба екен,
Музага тұра табылған
із жоқ.

Табылған із жоқ, адастым
ба екен,
Арманнан алыс қол
жетпей қойған?

Тамылжып тұрып осы шақ,
Күмбірлеп дала күй ақты.
Дала мен тұлпар қосылса-ақ,
Жастық шақ біздің сияқты.

ЕСІЛ ТАСЫП БАРАДЫ

Жарып жазық даланы,
Жазда ағатын бір қалып.
Тасып бүгін барады,
Есіл-өзен бүрқанып.

Арыстандай жаралы,
Көміп биік, жарды алып.
Жосып бүгін барады,
Есіл-өзен дoldанып.

Қатуланып қабагы,
Сайды, еңісті су қылыш,
Тасып ағып барады,
Есіл-өзен бұлқынып.

Түскен шақта сынаққа,
Бар қайратын жинаған.
Қыын екен бірақта,
Арнасына симаған.

Басқа амалы қалмаған,
Шығар сайға төккені.
Асып аққан арнадан,
Бұл нешінші көктемі?

Шашу шашып барынан,
Елге ырыс сепкелі.
Асып түскен жарынан,
Бұл нешінші көктемі?

Табиғат та бір ұста,
Тасқын берген Есілге.
Қуанамын ырысқа,
Жайнар дала төсінде.

Халқым кінәлі ме еді
Жерінің кеңдігімен,
Әлде момын,
Қонақжай елдігімен?
Дастарханынан ас ішіп, табағына
Түкірген
Кім екенін – енді білем!
Атомы жарылған жүрегімде,
Түсініксіз, тілсіз келген
Не деймін бұл өлімге?!
Сиырлар күзде түлеп,
Төбеттің терісінен
Жидіген қайыс қалды.
Аталар айтса – ойы ұстамды
«Кінәміз не бұл тажалды,
Коярдай бізге тіреп?
Аз ба еді көргеніміз,
Аз ба еді өлгеніміз?
1932-де төрт миллион –
Аштықтан көмгеніміз!
Партия емес пе еді
Құдайдай сенгеніміз.
Соғыстан оралдық оннан бір,
Аман қап, женғеніміз...»
Ал Семейде әлі соғыс, әлі қан, –
Айрылды біреу ұлдан,
Біреу – жарынан.
Мен Абай елінде,
Шәкәрім жерінде
Бейбітшілікті сағынам!!!
Урейлі аналар атынан,
Кемтар балалар атынан,
Мүгедек болғандар атынан,
Мұжіліп солғандар атынан
Жалынам!
Тоқтасын жарылыс! –
Жалынам,
тағы да ЖА-ЛЫ-НАМ!

НУРКЕН ЕСКЕРТКІШІНЕ

Қара тастан кеудесімен жұлқынып,
Ескерткіш түр, сұнқар құстай ұмтылып...
Ол халқының мақтанышы, беделі,
Нұркен сынды батыр берген үл қылып...

Штурвалды ұстап қолы сіресіп,
Келе жатқан бейнесі бұл күресіп.
Шындықтан бір айырмасы тек қана –
Тыныштық бар, тұрган бүгін гүл өсіп...

Жұдышығы қарс түйілген, қатулы,
Сездіреді дүшпанына ашуды.
Арыстандай ер жүректі бұл ағам,
Білмеген-ау қайысады, жасуды?.

Қыршын кетті-ау, қыршын кетті-ау аңғал жас,
Біздерменен, келешекпен арманда.
Ескерткіштен, мына тұрган бейнеден
Армандарын кімдер оның аңғармас.

Қара тастан кеудесімен жұлқынып,
Ескерткіш түр, сұнқар құстай ұмтылып.
Ол халқының мақтанышы, беделі,
Нұркен сынды батыр берген үл қылып.

БҰЛ ӨМІРДЕ ӨЗГЕРЕДІ БӘРІ ДЕ...

Бұл өмірде өзгереді бәрі де,
Өзгермейтін құдай жазған тағдырын.
Көндігесін зәрлі удың да дәміне,
Ал, алдамшы талай артта қалды күн...

Алдыменен дос кетеді өзгеріп,
Жұбайың да жылы сөзге бармайды.
Талай-талай сертке лайық сөз өліп,
Жанарынды мұн пердесі торлайды.

Өзгереді тұрмысын да, тірлігін,
Жолың тағы бола бермей өмірден...

Халқым кінәлі ме еді
Жерінің кеңдігімен,
Әлде момын,
Қонақжай елдігімен?
Дастарханынан ас ішіп, табагына
Түкірген
Кім екенін – енді білем!
Атомы жарылған жүрегімде,
Түсініксіз, тілсіз қелген
Не деймін бұл өлімге?!
Сиырлар күзде түлеп,
Тәбеттің терісінен
Жидіген қайыс қалды.
Аталар айтса – ойы ұстамды
«Кінәміз не бұл тажалды,
Коярдай бізге тіреп?
Аз ба еді көргеніміз,
Аз ба еді өлгеніміз?
1932-де төрт миллион –
Аштықтан көмгеніміз!
Партия емес пе еді
Кұдайдай сенгеніміз.
Соғыстан оралдық оннан бір,
Аман қап, женгеніміз...»
Ал Семейде әлі соғыс, әлі қан, –
Айрылды біреу үлдан,
Біреу – жарынан.
Мен Абай елінде,
Шекерім жерінде
Бейбітшілікті сағынам!!!
Үрейлі аналар атынан,
Кемтар балалар атынан,
Мүгедек болғандар атынан,
Мұжіліп солғандар атынан
Жалынам!
Тоқтасын жарылыс! –
Жалынам,
тағы да ЖА-ЛЫ-НАМ!

НҮРКЕН ЕСКЕРТКІШІНЕ

Қара тастан кеудесімен жұлқынып,
Ескерткіш түр, сұңқар құстай ұмтылып...
Ол халқының мақтанышы, беделі,
Нұркен сынды батыр берген ұл қылып...

Штурвалды ұстап қолы сіресіп,
Келе жатқан бейнесі бұл күресіп.
Шындықтан бір айырмасы тек қана –
Тыныштық бар, тұрган бүгін гүл өсіп...

Жұдышығы қарс түйілген, қатулы,
Сездіреді дүшпанына ашуды.
Арыстандай ер жүректі бұл ағам,
Білмеген-ау қайысады, жасуды?.

Қыршын кетті-ау, қыршын кетті-ау аңғал жас,
Біздерменен, келешекпен армандас.
Ескерткіштен, мына тұрган бейнеден
Армандарын кімдер оның аңғармас.

Қара тастан кеудесімен жұлқынып,
Ескерткіш түр, сұңқар құстай ұмтылып.
Ол халқының мақтанышы, беделі,
Нұркен сынды батыр берген ұл қылып.

БҰЛ ӨМІРДЕ ӨЗГЕРЕДІ БӘРІ ДЕ...

Бұл өмірде өзгереді бәрі де,
Өзгермейтін құдай жазған тағдырын.
Көндігесін зәрлі удың да дәміне,
Ал, алдамшы талай артта қалды күн...

Алдыменен дос кетеді өзгеріп,
Жұбайын да жылы сөзге бармайды.
Талай-талай сертке лайық сөз өліп,
Жанарынды мұн пердесі торлайды.

Өзгереді тұрмысын да, тірлігін,
Жолын тағы бола бермей өмірден...

Орта жолда ауып қалып бір жүгін,
Күйкі тірлік бола алмайды көнілге ем...

Өзгереді, уақыт қарап тұрмайды,
Гүлің солып, махаббатың тозады...
Біреу сенің бақытыңды ұрлайды,
Біреу сенен айласымен озады.

Жапан тұзде жалғыз өзің қалғандай,
Жаның кейде құлазиды, ұлиды.
Сенен асқан жоқ қой сонда сормаңдай,
Жан табылмай жөн сөз айтар бір иғі.

Жазың салқын, қысың кейде жаңбырлы –
Табиғат та бұрынғыдай хош емес.
Бәріне де бейім болған тағдырды,
Енді өзгерту, қайта құру өте кеш!

ТУНДРА

Тоңнан жібіт,
Сағыз жерді үрғыла,
Қына біткен,
мұк жабысқан тұр мына.
Ленадағы Усть-Куттыңнан басталып,
Арктикаға созылады тундра.
Онда тоғай –
қарағайдың шырышы,
Сазға біткен қайыңдардың құнысы.
Қына жолда көшіп бара жатады,
Нанайлардың аша мүйіз бұғысы.

Сахалардың киіз үйі беріден,
Қымыз құйып бере алады төрінен.
Тундрага сына қаққан сияқты,
Шукшелердің үшкір қосы теріден.

Бәрінен де тамашасы тірлігі,
Тундраның жабылмайтын тұндігі.
Қонақтары жылдап жатып қалатын,
Қонақжайлық болар оның бір міні...

Күннің шапақ тарамасын тор жібі,
Тұндерінде шұғыланың молдығы,
Үйқы бермей тоңазыған тірлікке.
Таңды аңсаған гага үйректер толды үні...

Отқа қақтап азық қылған балығын.
Шыдамдылық берген халық тәнірім.
Нанай болсын, шүкші болсын, ненең те,
Қисық көзді атасы бір бәрінің.

Қайтем айтып, қатал қысы, ызғарын,
Тундрада тоң да қалың, мұз қалың.
Шамандары шайтандарын аластап,
Күй кешеді білмейтүғын біз мәнін.

Бұзылмайтын тазалыққа бір мұра,
Қойнауына байлық көзін тұндыра.
Адамдардың болашағы үшін де,
Қына басқан мұлгіп жатыр тундра.

* * *

Тағы да жаңа туралды ай,
Жаз өтіп бара жатыр гой...
Ауылға мойын бұра алмай,
Басады мұнды ақынды ой.

Көшебе қыстау, бәктерден,
Бұлдірген биыл тере алмай.
Жастықты бірге өткерген,
Достарға сәлем бере алмай.

Жаз өтіп тағы барады,
Жоңышқа сайда ізім жоқ.
Баурыма баспай даланы,
Қойныма кірер күзім кеп...

Жаңбырлы түні, құні де –
Салқындау тартып түр енді.
Жер басып жүрген тіріге,
Сағынтып қойған бір елді.

Қоңыр бұлт көшіп, қоңыр жел,
Қоңыр ой басып көнілді.
Ауылға тартқан өмір жол,
Қоңыр шаңға көмілді...

САЙЛАУДЫҢ ШАРУА БОЛУЫ

Білмесе де дән себер мәзі қай күн,
Үйренген бар жұмысын созып айдын
Бір күні шаруа боп шыға келді,
Тракторшы бір ұлы Қозыбайдың...

Бұрын жүрген жырт десе –
жыртып жерін,
Тіл десе, қайта жыртар
бір тілегенін.
Жекеменшік ол іске көшкен кезде,
Сенбегендей болды рас жүртүм менің...

Қалай сенсін Сайлауды білгендері –
Болғасын да қырсықтау жүрген жері.
Басқалардың егісі көтерсе бой
Ал онықі көктеп те үлгермеді...

Ұраншыл ол, және де желөкпе еді,
Жоғары айтса бітті сөз! Керек, – деді
Жекеменшік ісіне белін шешіп.
Шаруа боп алғашқы өбектеді.

Арпа септі бірінші аттаныста
Құдай берді-ау әйтпесе жоқ та нұсқа.
Бітік шығып егіні, жинап алды
Қолы жетіп күтпеген сәт табысқа.

Бірақ соны қабылдар жан болмады,
Кеңшар, қырман жолатпай, малданғаны –
Мал мен құсқа жем болып, рәсуәні-ай,
Жатты-ау симай аулаға толған дәні.

Тау астығы сөйтіп бұл қарда қалды,
Жарылқады сауысқан, қарғаларды...
Шаруаға еркіндік берген кезде –
Қызын екен қамқорлық болмағаны!

СЫР

Күйсем – күйіп кетер едім бықсымастан
шоқ болып,
Сүйсем – сүйіп кетер едім бұл дүниеден
жоқ болып...
Армандаласам – арманыма жете алмайтын
болар ем,
Қыран болсам – мұнар таудың шындарына
қонар ем.
Үміттенсем – үмітімнің үзілмесін білер ем,
Шұғылалы шырын таңын кірпігіне тұнер ем...
Бақыт жайлы айта білсем – қайғысына
шыдар ем,
Жалын атқан жанар тауга жалаң аяқ
шығар ем.
Күлсем – ашық күлер едім қырдың
қызыл гүліндей,
Жұрсем – тасып жүрер едім төрт
мұхиттың біріндей.
Тағзым етсем – етер едім жырларыма
қаз басқан,
Өлсем – өліп кетер едім, ар алдында азбастан!

* * *

Маужыраған, ойға батқан таң сағым,
Қайта-қайта қолым бұлғап шаршадым...
Жеткізбеген, жете алмаған қиялым,
Бір бақытты, бір арманды аңсадым.
Көзді буган көгілжім нұр серпіліп,
Самал есті қырқа белден жел тұрып...
Кетті, кетті жүректерді жырлатып,
Сыбызға саз сылқым күйге келтіріп.
Ақшағыр бұл алышады жайғана,
Бал тыныштық мамыражай айнала.

Осынау кез өміріннің әр шағын
Бір шатыққа бөлөр едін қайда да...
Шабыттымен, әндерімен шалқыған,
Келер күннің жанарында қарпылам.
Көзсіз еріп, ессіз еріп барамын,
Бір арманның, бір бақыттың артынан...

* * *

Ақ тандар құліп келді ғой,
Кернейлі керім үн мынау...
Жанымды мазалай берді ғой,
Бірақта бір ән мұндылау...

Сол әннің шырқау шағында,
Көзсіз де жүрдім,
ессіз де.
Тұманға, тұнжыр сағымға
Орала бердім кеш күзге...

Баянсыз болып бал үміт,
Сағыныш мені жүдettі.
Кей кезде жырдан жалығып,
Үйқысыз аңсау тұн өтті...

Білмедім бақыт не екенін,
Сезбедім арман барын да.
Бойлап-ақ сұңгіп кетемін
Бір ғажап нұрлы ағынға.

Қуаныш болып атар күн,
Ағынға түссе жыр кемем,
Батсам да барып батармын
Тұнғиығына тым терең...

ЖҮРЕКТЕГІ ШЫНДЫҚ

Білем алда, сеземін бір сын барын,
Ойладың не, ойламан құрсын бәрін...
Ертең емес, бүгінгі мына өмірдің –
Тұсіне алмай жұмбағын жұрсін, жаным?!

Кім біледі көрермін, көре алмаспын,
Ғұмыр жолда тең орта беленді астым?
Бірақ алда жұмақтан бейіш туар,
Күн барына мен енді сене алмаспын!

Тәніріме жалынған жан емеспін,
Тағдырымда менің де бар егес күн.
Шындық керек, мейлі абы болсын –
Тәтті беріп алдайтын бала емеспін!

Бәрін бүгіп, жыртығын жамағанмен,
Қандай тыныс табамын даладан кен.
Бірақ аштық, жоқтықтан емес тегі –
Жанды жеген қиналад жарадан мен...

Ел күйзелсе – күйзелем, күйінемін,
Күйзелістің таппадық түйін емін.
Егеменді Ел болу өз алдына –
Шыныменен сен қалай қыын едің?

Құрсауымыз босады құн кетерде,
Мүмкін әлде даурығып құр бекерге?
Бүгінгінің тезіне салар болсақ,
Тоқыраудың өзіне құн жетер ме?!

Жо-жоқ, бірақ, ескіге аңсарым жоқ,
Жананы да таппадым жансабыл бол.
Үміт болса алыстап бара жатыр,
Сенімім де барады ақ сағым бол...

Төзім тозып, шыдам да шаршагандай,
Табыс та жоқ қуанып қол соғардай.
Жұдеу ауыл, жұдеу жұрт, жансебіл күн –
Корқытады келенсіз қоршаган жай!

Осынау кез өміріңін әр шағын
Бір шатыққа бөлер едің қайда да...
Шабытымен, әндерімен шалқыған,
Келер күннің жанаарында қарпылам.
Көзсіз еріп, ессіз еріп барамын,
Бір арманның, бір бақыттың артынан...

* * *

Ақ тандар күліп келді ғой,
Кернейлі керім ұн мынау...
Жанымды мазалай берді ғой,
Бірақта бір ән мұндылау...

Сол әннің шырқау шағында,
Көзсіз де жүрдім,

ессіз де.

Тұманға, тұнжыр сағымға
Орала бердім кеш күзге...

Баянсыз болып бал үміт,
Сағыныш мені жүдегетті.
Кей кезде жырдан жалығып,
Үйқысыз аңсау тұн өтті...

Білмедім бақыт не екенін,
Сезбедім арман барын да.
Бойлап-ақ сұңғіп кетемін
Бір гажап нұрлы ағынга.

Қуаныш болып атар күн,
Ағынга түссе жыр кемем,
Батсам да барып батармын
Тұңғиғына тым терең...

ЖҮРЕКТЕГІ ШЫНДЫҚ

Білем алда, сеземін бір сын барын,
Ойладың не, ойламан құрсын бәрін...
Ертең емес, бүгінгі мына өмірдің –
Түсіне алмай жұмбағын жүрсін, жаным?!

Кім біледі көрермін, көре алмаспын,
Ғұмыр жолда тең орта беленді астым?
Бірақ алда жұмақтан бейіш туар,
Құн барына мен енді сене алмаспын!

Тәңіріме жалынған жан емеспін,
Тағдырымда менің де бар егес құн.
Шындық керек, мейлі ашы болсын –
Тәтті беріп алдайтын бала емеспін!

Бәрін бүгіп, жыртығын жамағанмен,
Қандай тыныс табамын даладан кең.
Бірақ аштық, жоқтықтан емес тегі –
Жанды жеген қиналад жарадан мен...

Ел күйзелсе – күйзелем, күйінемін,
Күйзелістің таппадық түйін емін.
Егеменді Ел болу өз алдына –
Шыныменен сен қалай қын едің?

Құрсауымыз босады құн кетерде,
Мүмкін әлде даурығып құр бекерге?
Бүгінгінің тезіне салар болсақ,
Тоқыраудың өзіне күн жетер ме?!

Жо-жоқ, бірақ, ескіге ансарым жоқ,
Жаңаны да таппадым жансабыл бол.
Үміт болса алыстап бара жатыр,
Сенімім де барады ақ сағым бол...

Төзім тозып, шыдам да шаршағандай,
Табыс та жоқ қуанып қол соғардай.
Жүдеу ауыл, жүдеу жүрт, жансебіл құн –
Қорқытады келенсіз қоршаған жай!

Ауыр тұрмыс жанымды сыйздатады,
Жетер оның Сізге де, бізге атағы.
Ертеңгі емес, бүгінгі мына өмірді,
Ойлағанда жүрекке мұз қатады!?

1990 жыл.

ҚАЙШЫЛЫҚ

Топастары данадай,
Күпсіген қызық заман-ай?
Біреулер күнге қол созған,
Өз аліше қарамай...

Шығары тәбе болғанмен,
Қонары биік арманда ең.
Дүмбіlez мұндай жандарға,
Қойылар бүгін талғам кем...

Тұқыртып,
тұсап текті ұлын,
Қажет те болмай көп білім.
Қызыл тілден май аққан,
Күні туған ептінің.

Бүкіл халық қақпаңда,
Демесіне гәп бар ма?
Тұтас елдің тағдырын,
Солар шешіп жатқанда.

Кешелерің кешегі,
Алып жатыр есені,
Талшық етер тірлікке –
Солар үкім кеседі!

АҚЫР-ЗАМАН

Әл үстінде атам жатты ауырып,
(Білгендей-ақ кетпесін бір сауығып)
Бірде маған әлсіз үнмен тіл қатып,
«Жақын отыр – деді – мені ал үғып...

– Бүгін таңғы түсімнен бір шошыдым,
(Шыныраудан шыққандай бір тосын үн...
Тіршілікten қол үзерде орнайтын –
Ақыр-заман деген әлгі осы, ұлым.

Жанға қанша батқанменен сор, қайғы,
Тіршілікте заман ақыр болмайды.
Ақыр-заман өліктердің еншісі,
Ақыр-заман көрде ғана орнайды...

Көкірегімде қалған еді мәнгілік
... Соңғы сөзі болғасын ба зеңгілік,
Бертін соны ойлап көрсем байыптаپ,
Атеистік үғым да бар мәнділік.

Шынында да заман ақыр тіріге –
Ақыретке тірелетін күні де.
Ақыр-заман оралмайды ешқашан,
Қыбыр-жыбыр жүрген арам тіліне.

Бірақ әлгі Құранда да, Інжілде –
Ақыр-заман туралы осы мылжың не?
Сандыраққа балап бәрін келгенмен,
Байыбына барып соның білдім бе?

Ақыр-заман – замананың ақыры –
(Жетпеді ме мүмкін бабам ақылы?)
Жылжып жаңа келе жатқан сияқты,
Бір ақырға тіреуге де хақылы!

Бала бүгін іштен оқып туады,
Адамдардың жүзінде жоқ шуағы.
Тасбауырлық, қатыгездік жерінде
Бір ауыз сөз болмады ғой дуалы?!

Ертең тағы бір соғысқа жол ашық,
Біріккен Үлт тауып бір сәт жаразтық.
Жер мәйегін сорған ашкөз пендене,
Ас болмады биылғыдай мол астық.

Әйел би боп асырды да айланды,
Зенгі малы пұл болуға айналды.
Зенгір аспан жыртық түсіп шетіне,
Мөлдір теніз тұнығынан лайланды.

Таусылғандай төзімі мен шыдамы,
Жер дінінен тамүқ үні шығады.
Ақыр-заман осы болар тегінде –
Сөніп бара жатыр Өмір шырағы!?

* * *

Қырықтан асып қаланы қалай қаладым,
Ұштала түсер ортаны аңсап қаламым?
Жүргенім жақсы еді гой деймін бірақта –
Жұпарын ем қып, самалын жұтып даланын...

Қырықтан асып қалаға неге қызықтым,
Думаны қайтқан оралмас енді қызық күн!
Қыздары түгіл келіншектері де қарамас –
Қаланың мына көзінен өткен жүзіктін...

Қырықтан асып ауылдан бекер безіндім,
Ауылым менің жәргегім еді өзімнің.
Тас үйін қалап, табаным тасқа тигенде –
Тордағы құстай қапасқа түскен сезіндім?!

* * *

Сен осы қайсы қоғамды ал,
Және оны болсаң бағамдар.
Балын бер, оның зәрін бер,
Көнілі толмаған адамдар.

Тойса да тойдым демейтін,
Толса да толдым демейтін.
Жұмыр басты пендеге,
Тәубәнің өзі өгей тым...

Бақытты қанша үйіп-төк,
Өмірге іңкәр, сүйікті ет,
Айтады-ау тұптің түбінде –
Көргенім қорлық, күйік деп.

Ауызға түскен алмасын,
Тартып-ақ біреу алмасын.
Қомағай өмір тойған ба,
Тойымсыз тірлік болғасын.

Зорлыққа да көндікті ел,
Ерік бер, енді теңдік бер.
Бәрібір шыға береді,
Егемендіктен де кемдіктер.

Еңбекпен өрен құлшынып,
Биікке мейлі тұр шығып.
Сонда да толып жатады,
Біткен істен мін шығып.

Сабасыз көніл – санасыз,
Қайсы бір кезде толасыз?
Болмайды-ау өмір шіркін-ай,
Жағылған күйе, жаласыз.

* * *

Көніл қанша жүдесін,
Бабын таппай, бақ таппай.
Бәрібір өмір сүресін,
Сүрлеуі қалар соқпақтай...

Аларың қанша беймәлім,
Берерің қанша белгісіз.
Сол сүрлеуде ой қалың,
Тандамайсыз жолды сіз.

Мүмкін тағдыр дегенін,
Осы да шығар бәлкім бір...
Қиялға құштар өлеңін,
Көзден үшқан жалқын нүр...

Шыдам да тіпті таусылар,
Төзім де мүмкін сөгілер.
Кеудеде тұнған тамшылар,
Көл болып кейде төгілер...

Алысты мүмкін аңсарсын,
Өкініш айтып өткенге.
Таларсың, мұлде шаршарсын,
Жете алмай жасыл көктемге.

Жүргің де қалар ауып бір,
Мұздақта тайып табаның.
Дүние толы қауіп бұл,
Өзегіндей жараның.

Болғасын ұлы даланың,
Шөгірін басып, қынасын.
Бәрібір жұтып самалын,
Тағдырға тәубе қыласын.

Жұдеген көніл желпінер, –
деген оймен жұбанып.
Кезім бар кейде серпілер,
Отырмын соны құп алыш...

* * *

Өткен күнге тағамыз ғой текке мін,
Мынау менің елуінші көктемім.
Елу рет өлердейін ғашық бол,
Елу рет қызғалдақтай көктелім.

Түсін мені, мейлі тағы түсінбе,
Қолға қонбай кеткен ұшып құсым не?
Мен өмірдің балын жұтқан екенмін,
Өтіп кеткен осы елудің ішінде.

Десек тагы өткен жылдар
сағымдай,
Мүмкін емес еске алмауын,
сағынбай.

Елу енді қанша жылу береді,
Оған дейін жаңып келдік
жалаңдай.

Тауысқан жоқ жүрек іңкәр әлі әнін,
Сағынады махаббаттың самалын...
Қолбасшыдай қалың ойға қамалам,
Ала алмаған ең соңғы бір қамалын...

Өткен күнге тағамыз ғой текке мін,
Өткен күндер өмірдегі – өткелім.
Елу рет қызғалдақтай қектеген,
Мынау менің елуінші қектемім.

* * *

Күнге қандай өкпе бар алға басқан,
Жаңа ойлармен туады қарбалас таң...
Күні-түні жыр жазып, жүректі өртеп,
Отыз асып кетіппіз андамастан.

Жүректі өртеп: бір күйіп, бір жаныптын,
Еркіме де қоймапты-ау бұл жарық Күн.
Отыз жылдай түгелдей ғашық болып,
Отыз жылдай түгелдей жырланыптын.

Жырланыптын, нұрсөуір күн кешіппін,
Қонғанын да көріппін гүлге шықтын...
Отыз рет бұлбұлды маусым көріп,
Отыз рет қектеммен тілдесіппін.

Өткен отыз қалайда қызықты едін,
Мен өзінде жуас та ем,
бұзық та едім.

Сол бір шақтың қимайтын мәнгілікке,
Жыр қып тізіп келемін үзіктерін...

Қош бол! – деймін қимас күн – бозбалага,
Отыз атты асудан жаз далаға,
Қайтқым менің келеді,
қайтар болсам –
Қырық деген қара тас қозгала ма?

ӨКТЕМ МЕЗГІЛ ЖАЙЛЫ ЖЫР

Уақыт бәрін кешеді, өшіреді,
Деп келдік-ау, ол қандай кесір еді.
Байқап тұрсан шындықтың шындық аты –
Алдында ар сотының шешіледі.

Ақ адамға қара дақ жүға алмайды,
Әділдікті жауыздық жыға алмайды –
десек-тағы бөз өтіп мата атымен,
Елемеген болыппыз біз ондайды.

Әділ дедік шындықты шырмағанды,
Данышпанға баладық бір жаманды.
Билік тиген біреулер жыртты менін,
Пәре-пәре жанымды, бұл жағамды.

Өшкені бар көнілден, көшкені бар,
Айтқанымды өмірді кешкен үғар.
Бір тазарғым келеді өрнегімде,
Алашадай шаңынан кеш қағылар.

Басқармалар бар шығар кір жүқпаған,
Ауылнайлар ақ шыққан сүмдықта аман.
Кешір мені жаны таза, асылдар,
Әділдіктің ар туын бір жықпаған.

Сендерге емес, басқаға өкпелімін,
Тасырлықпен жүргізген өктем үнін.
Олар ол кез айбарлы, арқалы еді,
Құбыжық боп көрінген көпке бүгін.

Істер болған қарайып, қаның қайнар,
Жасағандар қаншама ауылға айбар.
Болыс емес, кем де емес сол болыстан,
Басқармалар, кешегі ауылнайлар.

Солар мінді жүйрікті, сәйгүлікті,
Солар сүйген сұлуда қайғы мықты.
Жергегінде-ақ солардан жан түршігіп,
Бесіктегі бөбектер қаймығыпты.

Өктем мезгіл көрсеткен кәрінен бе,
Қаймығыпты-ау көнекөз кәрілер де.
Бой көтерген біреулер болса егер де,
Құтылуға тырысқан бәрінен де.

Жәбір көріп, нақақтан кім қамалды,
Тарих беті өзірге бұл қараңғы.
«Халық жауы» деген сөз зәрені алып,
Көз көлінде кеппеген жылға қалды...

Бұл не қылған қатыгез, қаталдық, ә?
Сыйламаған жаулықты, сақалды да.
Халықты олар қырдағы жұмысына
Салып айдап баратын ат алдына.

Қорлық та осы – намыс пен қолды байлар
Мәжбүр етсе жоқшылық тәнді лайлар...
Ол туралы өздері, өздері айтсын,
Қоста туган Олжабай, Жолдыбайлар...

«Соғысты көтердік!» деп күпсігенде,
Әлі күнге ары бір жіпсінер ме?
Немістің барлық оғы сұғын қадап,
Он қолдан сүқ саусақтар үшты неге?

Ондайлар тәрт жыл отты кешкен емес,
Өкініп, «Қателестік!» дескен емес.
Ауылға қайтып келіп, қамшы ойнатып,
Халықтың қанын сорған неткен өңеш?

«Майдан үшін» ұранын айбар үшін,
Пайдаланып, тым биік қойғаны үшін.
Қой дегендер болмаған, қамшы ойнатса,
Әділдігім, болдың сен қайда құсым?

Талай намыс жыртылды, талай ар да
Аяқ асты езілді,
Аянарға –
Аяушылық білмеген безбүйректер,
Шоқымаса, жемтігін қоя алар ма?

Отты кешіп жігіттер, оқты кешіп,
Берлинге де жеңіспен жетті десіп.
Оралғанда ауылға, басқармадан –
Жүргені ауыр болды-ау боқтық естіп...

Дәл осылай көрсеткен ауылға айбар,
Басқармалар немесе ауылнайлар.
Екі ауылдың бірінде болғаны рас,
Болғаны рас – тар кезең, ауыр жайлар.

Қайсын айтып тауысам нала-мұнды,
Көп жүректі солары жара қылды.
Уақыт солай еді ғой, уақыт солай,
Жарып шыққан шындық жоқ қара қылды.

Өктем мезгіл, өлексе – сорпаң жасық,
Бақсам бүгін айырып, тортаңды ашып.
Бейнет көрген шіркіндер көзін жұмса,
Безбүйректер әлі жүр талтаң басып.

Мезгіл би де ағына жетпеген ғой,
Көп қарғысы тектен тек кетпеген ғой.
Бұл мұндар жүре берсін, жүрсін мейлі,
Өктем мезгілді өзімен шектегендей.

ТІРЛІГІҢ ТҰСАУ ТҮСКЕН АУЫЛЫМ

Маңдайыңың соры қалың, ауылым,
Көрем бүгін тұрмысыңың ауырын.
Желпілдетіп, желең ұран көтеріп,
Орга жығып кетті сені дәуірім...

Тірлігіңнен қию қашқан қүйіктім,
Шығар жолын табу қын тұйықтын.
Өрге басып, өрлей асып жеткенде –
Төбесінен құлау қын биіктін!

Бағы жанбай, сағы сынған тұғаным,
Қалды-ау бүгін сенің сірі қу жанын.
Тамырына нәр тимеген қайыңдай
Көз алдымда қалтырадын, қурадын?!

Қайран елім, қайран менің мекенім,
Асау нарық алдырмаса не теңін!?
Бас білмейтін асау жылқы жеккенде
Сындырады арбасының жетегін...

Жолда бүгін жаяу қалған жандайсын,
Сорың болып, басқа тұсті қандай сын?
Күйзелісті өтпелі бір кезең деп,
Жас баладай өзінді-өзің алдайсын.

Сүм тірлікten сені неге бөлем мен,
Қосақты жан секірмейді кемеден?
Ұлан-байтақ егін егіп отырсын,
Қарның тойып нанын бірақ жемеген.

Күні кеше мақтанған да, шаттанған –
Тенгемізді көру өзі тәтті арман.
Бірақ біздің ағайынға ақша емес,
Жылы сөзді есту өзі қат болған.

Кім аңсайды дейсің сонау өткенді,
Бұрынғының бері бірақ жоқ болды.
Ақша да жоқ, тауар да жоқ, жоқ бері –
Халқым бүгін малын түгел жеп болды!

Жоқшылыққа көптең тауып мысалды,
Кім естиді сенің айтқан құсанды?
Қарға адымға аттап шығу мүн болды,
Майы тапшы көлігің де тұсалды.

Тірлігіне тұсау тұскен, ауылым,
Көрем бүгін тұрмысының ауырын.
Бәрін айтып қайысқанмен қабыргам,
Сырқатының таба алам ба дәруін?

Өткен күнге артып барлық күнәні –
Желеу сөздің баса түсті тұманы.
Болашағын бұлдыр еткен бүгінгі
Ауылымның кімді ұрады құраны?

Әкімдердің ел қамынан қашқаны –
Ауылымды жарға итеріп тастады.
Дәмін ішіп, табағына түкірген
Қазағымның кімді ұрады ас-дәмі?

Жатқа жағып көрмеген өз күйесін,
Асыл елден асықтай ой түйесін!
Сол ауылды дәл бүгінгі кейпімен
Бұрынғыдан артығырақ сүйесін!!!

1995 жыл.

ҚАЙРАН ЕЛІМ, ҚАЙДА КЕТИП БАРАСЫҢ?

Қу тірліктен қио қашты, бұлінді –
Тұрмысыңдан ырыс қашты бұрынғы.
Жоқшылықта тоқмейілдеу ел едік,
Одан-дағы бір жырашық білінді.

Бар нәрсенің өзі жоққа айналды,
Көнілдегі тұма сезім лайланды.
Қора толы мал ұстаған қазақтар
Таңсық асқа айналдырды айранды.

Нарық құны күйіп кетті... күйдірді.
Толғантпайды ол осынау қүй кімді?
Бүгінде осы адам емес, білсеңіз –
Алтын қымбат, жиһаз қымбат, үй құнды.

1990 жыл

СЫЗДАЙДЫ ЖҮРЕК

Бәрі кесем, бәрі шешен, бәрі дүр
Замананың мазақ болған мәні бұл.
Көбік сөзден күмбез орнап жатқанда
Бұлбұл болып сайрайды екен кәрі құр...

Қыран құсқа байғыз тілін тигізіп,
Кара қарға, сауысқандар ши бұзып,
Бейберекет құс-базарда тамтық жоқ,
Жемтік асын ит-аяққа құйғызып...

Құс патшалар тәреліктен шет қалып,
Құзғындар мен қыргилары мақталып,
Заманақыр күн туғанда, шіркін-ау,
Кім ұшады күміс Күнді бетке алып?

ШЫНДЫҚҚА ОРАЛУ

Жастайымнан жалын құшып сезіммен,
Көргенімді айтып келем көзіммен,
Жалғаным жоқ,
Жалған айтқан ақын ба?
Өтірікпен жаным қаспын,
безінген.

Сонда менің шыным қайсы шүрайлы,
Келер үрпақ менен соны сұрайды?
Жарты ғасыр жалаң ұран айтыптыз,
Қолдан жасап келіппіз-ау құдайды.

Кім ойлаған жалаң ұран жалған деп,
Жалғандардан шейіт кеткен жандар көп.
Бізді қойышы, біз серпіліс жасадық,
Талай жанға қалды бұл күн арман бол...

Санамызда сот-сандықтар сірә, мұз,
Еріп ме еken, сыр аша ма – сұраңыз?
Тірі жүріп, тірлік ете алмаған,
Біздің дағы бар шығар-ау күнәміз.

Ғасыр басы, бетпе-бетте екі күш,
Өлгеміз жоқ, біз жеңгеміз – жетім іс.
Сейтіп құрған үкіметің шын сүйіп,
Тұрмесінде өліп кеткен өкініш.

Жаңа өмірдің алқызыл гүл шешегі,
Талай ерлер ерте солды-ау кешегі.
Бәрімізді өгіз еткен мыңқ етпес,
Соқыр сенім, бағыныштылық кеселі.

Атына сай тәртібі де темірдей,
Көндік оған, көнбеске амал көрінбей.
«Женісті берген сол ғой», – дейді біреулер,
Шындығында жеңіп шыққан елім ғой.

Отты жылдар ұран қылып есімін,
Жауға шапқан жандарға да кешірім.

Олар өлсे Сталин деп өлген жоқ,
Туады деп өлді бүгін осы күн!

Қанша нұрлы болсын бүгін таңдағы,
Жұылмайды тарих кірі жандагы.
Еңсемізді езіп кеткен сияқты,
Тоқыраулы жылдардың да салмағы.

Дәріптедік – орден беріп, шен беріп,
Біреулерді бір құдайға тенгеріп,
Бірақ сол бір данышпандар қолынан,
Өнген істі, өзгерісті көрмедік.

Озбасақ та оздық дестік өзгеден,
Ол кезде осы ұран болды көздеген.
Марапатқа, дақпырт сөзге жол берген –
Кесер тілім – уақыт тілі, өз денем!

Тартқан шақта қыңыр уақыт шылбырын,
Ақиқатым – бүгін айтар шын жырым.
Қайта туды, қайта құру кезінде,
Жүректегі шырылдаған шындығым!

* * *

Бұл өмірді кім қалай үғынады,
Тесіп шыққан жының жоқ құмыраны...
Шарап емес, санаңды үлайтыны –
Зәмзәм болған заманың қымыраны.

Бұл өмірді кім қалай икемдейді,
Құр өкпеге бекерге бит өлмейді.
Тұрмыс түзу болса егер, қазағымды
Саудасына сақалдың итермейді.

Бұл өмірді кім қалай игереді,
Солай өлшеп тағдырың сый береді.
Айы туған күн болды-ау кейбіреудің
Ақыл туар көсем сөз сирегелі.

Бұл өмірді кім қалай байыптайды,
Берекесіз күн кімді мойытпайды?

Ертөнгі үрпақ осылай сауал қойса –
Өмірді емес, біздерді айыптайды!

* * *

Жаңбырын көрдім,
қарсызын көрдім,
Дауылын көрдім, жауынын
көрдім.
Ауылдан безер арсызың
ба едім,
Сипалап өскен сауырын
белдін...

Аштығын көрдім, тоқтығын
көрдім,
Барын да көрдім, жоғын
да көрдім.
Сыртқа тебер боқтығың
ба едім,
Тобырга тұскен тобындағы
елдін.
Әкесін көрдім, атасын
көрдім,
Анасын көрдім, ұлын да
көрдім.
Ішінде мынау адасып
елдін –
Шұрқырап жүрген құлын
да менмін!

Тойларын көрдім, пейілін
көрдім,
Әлдиін көрдім, ән-күйін
көрдім.
Жырыма жылы мейірім
бердін,
Ауылым өзің – мәңгі үйім
менін!

КІМГЕ СЕНЕМІЗ?

Кешегі әділдік дегеніміз –
Кесірлік болып шыққанда,
Кешегі тәнірлік дегеніміз –
Есерлік болып шыққанда
Кімге сенеміз?
Кешегі қастерлегеніміз –
Қаскунем болып шыққанда,
Кешегі әстерлегеніміз –
Саскүzen болып шыққанда
Кімге сенеміз?
Кешегі алып дегеніміз –
Су жүрек қоян болып шыққанда,
Жақсы деп дәрілтегеніміз –
Қол жетпес ноян болып шыққанда
Кімге сенеміз?
Дәуірдің ар, ұжданы дегеніміз –
Оны тоқыратып тастағанда,
Игілік, парыздары дегеніміз –
Бәрін қоқыратып тастағанда
Кімге сенеміз?
Кешегі кемелденген дегеніміз –
Кемерсіз болып шыққанда,
Тарихта тереңдерден тереріміз –
Сенерсіз болып шыққанда,
Кімге сенеміз?!

1990 жыл.

ТӘУБА

Шүкір, халқым, осы күнге шүкірлік,
Тоқыраған жылдардан да құтылдық.
Қазақ тілім мемлекеттік мән алып,
Қайран Алаш шыға келеді-ау жаңарып!

Бүгін міне еркіндіктің лебі есті,
Оралмасын күндер енді көмескі.
Дербестіктің шын мәнінде шырайын,
Бере салды-ау, төге салды-ау құдайым.

Қазақ енді қазақ болды қайыра,
Намыс туып, жігер бітіп бойына,
Ата дәстүр, мұрасы жаңғырып,
Әдег-ғұрып қайта оралды мәңгілік.

Домбыраға қүй оралды қайтадан,
Қазагымның жүргегінде – байтақ ән.
Мен гой соны мақтаныш қып айта алам,
Жанарымды мұн басса да шайқаған.

Қара жаулар жалалаған ақ жанын,
Қайта оралды бүгін маған Маржаным.
Өлең сөзбен тізіп ойдың маржанын,
Құран етіп көтереміз жазғанын.

Жақсылықпен – жарым ырыс жаңарып,
Алашымда көп қой бүгін жаңалық
Өнер біткен тарихымнан нәр алып,
Бар жүрекке бара жатыр таралып...

1991 жыл

* * *

Сен мені түсінерсің, түсінбессің,
Ауылда, ағайынның ішінде өстім.
Өкпеге қиғанменен, өлімге – жоқ,
Сөкпейді шындығым үшін де ешкім?!

Сен мені ұғынарсың, ұғынбассың,
Әйтеуір, көнілдегі сырымды аштым.
Тартып бізді барады тұңғиыққа –
Ауыздықсыз, алаусыз, бұрылmas күн!

Сен мені қолдарсың да, қолдамассың –
Ғұмыр деген бел орта жолдан астым.
Кепиеті соғатын дейтін еді-ау,
Мейманасы қазақта толған астың.

Сен мені сезінерсің, сезінбессің –
Бұрынғыдай келеді-ау өзім дескім.
Ағайынның жоқ болса бере алмайтын,
Бар болса – көре алмайтын кезін кештім.

Сен мені кешірерсің, кешірмессің –
Елімнің тек есінен өшірмессің!
Жаза бассам жанына жара салар,
Ауылымнан айырар шешім кессін!

Тұсінсан, мені осылай демесерсің,
Мен еспеген ескекті сен есерсің.
Тұсініп, бір-бірімізді ұға білсек,
Ауылым қайта оналып, Ел өсерсің!!!

* * *

Арқалап жылдар жүгін жыр,
Тағы да жалғыз ой кештім.
Келеді менің бүгін бір
Өзіммен өзім сөйлескім...

Алдым не, осы бердім не,
Көрмеппін ашып жігін де?
Жақсылық қылдым мен кімге,
Қарызыым қандай бүгінге?

Көргем жоқ жасап есебін,
Жасай да енді алмаспын.
Сағынышты шағым – кешегім,
Арманға бүгін жалғаспын.

Өмірге бекер өкпелеп,
Мұжіген жоқпын өзімді.
Кеселге түрдым жекпе-жек,
Болаттай шыңдаپ төзімді.

Махаббат оты маздаған,
Лұпілін алғаш жүректін,
Ақын жоқ шығар жазбаған,
Ал, өзім мәнгі жыр еттім...

Қонбаған бақыт құсынан,
Қиялда оқып, жаттадым –
Қаламның ғана ұшынан,
Ұзілген үміт хаттарын ...

Тірліктің көші қимаған,
Ағынмен асай бір ақтым.
Кеудеме менің симаған,
Жаңғырып жатыр жырақта үн...

Алайда күйбің-тірліктің
Құлы да бола алмадым.
Өмірден жақсы жыр күттім,
Ертенге үміт жалғадым.

Тіледім елге жақсылық,
Бейбіт күн болып құштарым.
Қойғасын өмір әнші қып,
Қиялдан қанат ұстадым.

Жақсыдан жолдас, дос таптым,
Жанымды менің ұфатын.
Солармен биік асқақпын
Шыңым да бірге шығатын...

Екінші деңгі

ЖАСТЫҚТЫҢ АЛЫС САҒЫМЫ



ӨМІР ДЕГЕН АҒЫСТА

Алау жылдар алыста,
Махаббаттан жырақпыш.
Өмір деген ағыста,
Жылап аққан бұлақпыш.

Енді терең телегей
Қосылмаймыз өзенге.
Аралдағы кемедей,
Қайрандаған кезенде.

Арман, асыл тілекті
Жастық шақта қалдырып.
Тілім-тілім жүректі
Біттік білем жандырып?..

Енді қайта өртеніп,
Лаулап жана алмаймыз.
Құр бекерге дерт егіп,
Көніл құртын алдаймыз.

Ой мүжиді тұнімен,
Қиял құсын ұшырмай.
Енді көктем гүлінен,
Шоқ отырмын ұсынбай.

Алыстады ақ сағым,
Алыстады жастық қыр.
Іздейді еken аңсарын,
Сонда да осы жан шыққы...
Бірақ осы тағдырға
Ризамын ғой, – деу де бар.
Әйтеуір, бір алдында
Сөнбей жүрген сәуле бар!?

* * *

Жыр таусылмайды
Бастауы, қайнары болса,
Сыр таусылмайды
Сағыныш ойлары болса?!

Көгім таусылмайды
Жұлдыздар түп-түгел ақпаса.
Сенім таусылмайды
Опасыз көнілдер сатпаса.

Уақыт таусылмайды
Күн егер күліп тұрса.
Бақыт таусылмайды
Үзілмес үміт тұрса.

Көніл таусылмайды
Шырқатар жыры болса.
Өмір таусылмайды
Ізгілік тірі болса.

ЖҮРЕК ЫСТЫҒЫ

Жаз да өтіпті-ау
жаңбыр әнмен,
Шу әкелген бақтарыма.
Жанараймың талдырам мен,
Құстар
Қайтқан жақтарына.

Жылды кезде үя салып,
Қызық күнің өтпеді ме?
Күз жеткенде қия салып
Түсінбеймін кеткениңе.

Мені қойшы, кешірем мен,
Туган жерге сиясындар.
Ал, өздерің өсіп-өнген,
Қайтіп оны қиясындар?!

Ізгі арман, тілектердің
Өкпе-назы өтпей жүр ме?

Әлде біздің жүректердің
Жылдылығы жетпей жүр ме?!

* * *

Сезім – перне,
күй тартып көрейінші,
Шабыт – күйші, сазына өрейінші.
Гүл – өмірге еркелеп ақ бұлақтай,
Жүргегімнің бір селін төгейінші...
Өлең – ермек,

өзім – нар демейінші,
Құдіретті музага сенейінші.
Көнер болса менің сол
бір періштем,
Шырын ойдан шырын
ап көрейінші.

Мәңгі өмірдің гүл-жырын
табайыншы,
Жүрек отын лаулатып
жағайыншы...
Жастығымда,
шабытты шағымда осы –
Сезім-перне,
күй тартып қалайыншы...

СОЛАР МА ЕКЕН ӨЛЕҢ-ГҮЛ?

Солар ма екен өлең-гүл,
Тумады-ау менен кенен жыр?
Бір үміт күткен ел бар-ды,
Шайырым туды деген бұл.

Сол үміт бүгін өшті ме,
Шылбыры түскен көш міне...
Ақыннан өлең тумай жүр,
Алдаспанмен кескіле!

Тұырлық тілген сүм қылыш,
Жасамас болар сүмдәқ іс.

Ақиқат алды, ақ істе
Ақылға келіп тынды күш...

Бірақ та, жүрек, шіркін де,
Туламай тыну мүмкін бе?
Сөйлейді көніл құстары,
Өзіне жұмбақ бір тілде...

Ақтарып арман,
шер-мұнын,
Көтеріп халық,
ел жүгін.
Жырлаған осы жүректің
Тарылтып тәнір кендігін.

Біреуді алдап, бірді іліп,
Дүмбіlez дүние дүрлігіп.
Жатқанда жаһан өзгеріп,
Астарын жатыр кім біліп?

Елімді көріп жүдеген,
Сосын да солар гүл-өлең?
Бәрібір жүрек тулады-ау,
Тереннен нәрін тілеген.

• • •

Дей алмаймын нәр еді деп тамшым әр,
Тең өспейді тау басына бар шынар,
Жырым менің жүргегімнің ыстығы –
Күйіп кеткен кездерім де бар шығар?!

Тасып кеткен кездерім де бар шығар,
Аттап өтпес белесім бір Ар шығар?!
Әйтсе-дағы асықтырды мені алға
Сауырымды тіліп түскен қамшылар.

Жоқ демегін, менде мұн да бар шығар,
Мықты болсан мені мұндан аршып ал!
Бәрі мынау қуаныштың жасы емес,
Көкірегімді жауып жатқан тамшылар.

Қайран жүрек қыныңа сан шыдар,
Махаббаттың ең үлкені бар шығар?
Кім біледі, менің мынау кеудемнен
Шұғыласын шашып бірде Таң шығар?!

* * *

Оралшы тағы, жырлы күн,
Оралшы, алау жастығым.
Сайратып жүрек бұлбұлын,
Нөсерлей шабыт тасқынын.

Қанатын байлап қиялдан,
Бір арман тағы жебесін.
Өмірден бұрын сый алған,
Өгейім еді демесін...

Сағымнан сонау көк жібек,
Көнілде қалған көл сезім.
Шуаққа толып, елжіреп,
Жақындап қоншы қол созым...

Дәп басып көніл пернесін,
Домбыра жаным күмбірлеп.
Жастықтық жырын тербесін,
Оралу оған бір міндет.

Сонда бір жанып, лапылдалап,
Бойымда қаным бұлқынып.
Жылдарға жастық жақындап,
Жаныма кетсе нұр тұнып...

Бақыттың қайта бал шағын,
Басымнан тағы өткеріп,
Сағынған жырым – аңсарым,
Нөсерлеп жаушы, төк келіп!

КЕШІККЕН ҚЫС

Кешіккендей,
қыс биыл кешіккендей,
Ақ сақалды аяз қыс көшіп қелмей.
Табиғатты айтам-ау, түр ғой әлі –
Күз бен қыстың арасын шешіп бермей...

Ертемен ақ қар жауып,
Кеште еріді
Жолдың таппай түр бабын еш көлігі.
Мұз толарсақ тоғайлар тонып тұрган,
Сияқты бұл қоңыр күз естелігі...

Жапырақтар жамырап желге үшқалы,
Шөп пен жемін шаруа жөнге ұстады.
Отын шауып жүр әлі, көлік жалдал,
Ойландырып отырған ел қыс қамы.

Желтоқсаным – алда ызғар төніп тұрган,
Қарашада қара жел соны ұқтырған.
Мұнарланған тұманды кең далада,
Бата алмайды Күн дағы сөніп қырдан.

Ораза айдың биылғы қарашаға
Тұспа-тұс келгені-ай, тамаша да.
Сырғанақтап жүреді, үйге кірмей –
Ауызашар болғанда бала-шага.

Кешіккен қыс,
Күздейін маңыз, мәні,
Тәнір берген ырыздық тәрізді әлі.
Сезіледі тоңған бір шақта алдағы,
Қатал қыстың қаһарлы бар ызғары...

АҚ ҚАР ЖАУДЫ...

Ақ қар жауды,
алғашқы ақ қар жауды,
Ақ көбікке көмілті бақтар, бауды.
Жон арқасын қыс қыршып тұрса дағы,
Ала тайым арқырап қаққа аунады...

Ақ қар жауды,
бұтақтар салбырады,
Мұз боп қатқан соңғы бір жаңбыр әні.
Шыныдайын шытырлап жаңа қатқан,
Көл мұзында балалар қалжырады.

Ақ қар жауды,
ақ тілек үлпілдеді,
Қар болмаса қансонар мүмкін бе еді?
Жолдасымның бас білмес құла тайы,
Көбік кешіп,
бұл қарда бүлкілдеді.

Ақ қар жауды,
аяғы аяз болды,
Қар басыпты күбіртік таяз жолды.
Шыршаларға шымшықтар үркіл кеткен,
Өрнегі мол,
Үзілер аяз қонды...

АҚША ҚАР

Әдемі үйқас тауып бір,
Тыныштыққа бақтағы,
Жапалақтап жауып тұр
Жаңа жылдық ақ қары.

Жаңа жылдың ақ қары
Қонып жатыр қалықтап.
Дәл осынау шақтағы
Қар үқсайды мамыққа ақ.

Тал-терекке, қайынға,
Шыршаларға қонақтап.
Жаңа жылдың тойында
Тұсті қалың қар аппақ.

Босағадан аттаған
Жылға жақсы тілегін.
Жүргегінде сақтаған,
Ақтарады жыр-елім.

Дала тегіс ақ торғын,
Бір кіршік жоқ бақта да.
Жазылмаған дәптердің
Беттеріндей тап-таза.

Сол ақ қарда алғашқы,
Қалт-құлт етіп қадамы
Болашаққа жалғасты,
Сәби кетіп барады...

КӨКТЕМ ҮІРФАҚТАРЫ

Көктем келді, тағы да көктем міне...
Мейірлі күн қарайды көктен күле.
Бұршік жарды қайындар, нұрлы шуақ
Тамырынан ояты шөптерді де...

Ояты олар гүлдерді қырда тағы,
Қызғалдақтар кімді де жырлатады...
Сылдырлаған, нәп-нәзік назыменен,
Сайда сыршыл бұлақтар үн қатады...

Жасарып қыр, жайнайды дала мына,
Тыныс кеңіп тіршілік самалына.
Құстар әні –
 сағыныш саздарындей,
Кең тараған туған жер танабына!

ЖЕТТИ-АУ АҚЫР АҚ СӘУЛЕ...

Былтырғыдан бұл сәуір,
Суығырақ болғандай.
Солтүстіктің бұлты ауыр,
Мамырлап-ақ қалғандай...

Күте-күте шаршадық,
Мамыр айды аңсаумен.
Бәрібір де тамшы ағып,
Жетті-ау ақыр ақ сәулем...

Жетті-ау ақыр мамыр қаз,
Қаңқыл үні көк белде...
Болады екен жаның мәз,
Нағыз көктем жеткенде!

Орманға да жан бітті,
Қуанбасын құс қалай?
Жануарлар мен жәндікті,
Оятатын күш бар-ай!

Табиғаттың тылсымы,
Тіршілігі осындаі.
Таудан бұлақ ыршыды,
Енді қырға жосылғай...

* * *

Мен көктемді сағынам,
Жүрек те оған іңкәр бұл
Сонау жастық бағынан –
Қайта өнердей бір тал гүл...

Көктем менің кеудемде,
Мәңгі шуақ, шұғылам.
Оған, сірә, сенбеуге
Қоймайды өмір – шырын ән.

Балалық шақ, бал күннен –
Көктем құсы сайрап тұр...
Кек балауса шалғынмен
Қызғалдақты жайнап қыр...

Жұпар иіс, саумал жел,
Желідегі жас құлын.
Бие байлаپ, сауғанда ел –
Қандай еді-ау дәстүрім?

Соның бәрі көктем-ді,
Қозы-лагы көгенді...
Бүгін бірақ жоқ белгі,
Жоғалтқаным көп енді.

Сол көктемді бәрібір
Сағынам да жүремін.
Жүргегімде әні жүр,
Көктем – мәңгі тілегім.

* * *

Көктемдер өтті кек жібек,
Жаздар да өтті мақпал тұн.
Махаббат сезім мөлдіреп,
Шымырлап жатқан ақ толқын...

Алыста қалды сағым қыр,
Жастықта жайнап, құлпырган.
Махаббат жайлы жалын жыр
Жүректе тулас бұлқынған.

Көмескі тартты көп елес,
Десек те жылдар өшірді.
Махаббат – ескі, көне емес,
Мәңгілік Бақыт есімді.

Аңсай ма үміт, сырды көп,
Әлі де шабыт қозғайды.
Тұрғанда соғып бұл жүрек,
Махаббат жырлар тозбайды.

КӨКТЕМ ЖЕТТИ...

Көктем жетті, тағы да мамыр келді,
Қыстай қысыр идіріп тәнір белді.
Бүршік дүние бұлкілдең сорып жатыр,
Нәр беретін өнірге тамырды енді...

Сөуір соны жадырап,
Шуақ туып,
Мамыр айға біткен-ай қуаттылық.
Жер өскіні бұлдіршін сияқты бір,
Тұрып кеткен,
Жап-жана құлап тұрып...

Беті қайтып өзеннің тасып ақ қан,
Шұғыласын шығыстан шашып ақ тан,
Мамыр айдың мап-майда қоңыр желі
Жүгіртеді бойға бұл жасырақ қан...

Көлден үшқан көк сағым қырды басып,
Қырды басып, етегі нұрға ұласып.
Балалары ауылдың белге шықты,
Асыр салып, алдысып, жұлқыласып...

Марқаяр ғой еңбегін елесе кім,
Алу бар да, беру жоқ – көне сенім.
...Мамыр келіп қайтарып жатыр бүгін,
Қыстан қалған табиғат берешегін.

ҚҰСТАР ӘНІ

Көктем жетті тез еріп қыс қарын,
Қызғалдақты қырмызы бел – құштарым.
Қайта әкелді туған жерге думанды,
Аман-есен елге оралған құстарым.

Ән оралды, жыр оралды қайтадан,
Көлде думан, құс базары –
байтақ ән.

Көгілдір нұр көнілдің гүл көктемі,
Өзі оятқан сезімінен ой табам...

Сағыныштар шарасынан тасыған,
Құс базары – көлге қарай асығам.
Аман-есен елге оралған құстарым,
Жүргегінен төге ме деп ғашық ән.

Ғашық әні – осы екен-ау балдай үн,
Сол сезімнен бүршік жарды тал-қайын...
Құстар әні-ай, құстар әні-ай үқтырған,
Туған жердің қадірінің қандайын.

БҰЛАҚ

Таудан құлап қашты ма еken,
Жаңа көзін ашты ма еken?
Мөлдір бұлақ қайда ағады,
Саяр жерін тапты ма еken?

Әнге бөлеп айдаланы,
Мөлдір бұлақ қайда ағады?
Толқынында күміс жатқан
Бетін сүйіп ай барады.

Асығады, аптығады,
Арнасында шаттық әні.
Асаулық бар жас қанында,
Тастан-тасқа қақтығады.

Қыр жайнап-ақ кеткен еken,
Құстар да елге жеткен еken.
Жас бұлақты асықтырып,
Қызықтырган көктем еken.

* * *

Көктем,
оралдың қайта сен белге,
Сағыныш оты маздаған еді-ау қеудемде.
Жырыммен менің жұп жазбай үшқан –
жыл құсы,
Аққу қаздар да оралды қайта көлдерге.

Көгеріп қайта құс-әлем бүгін тойлады-ау,
Мүмкін де емес сағынышыңды
көктем деп те ойламау?!

Оятып кетті тағы асаудың тасырлап
тиген түяғы,
Бұйығып жатқан былтырғы
күзден сайды анау.
Кілегей сағым көлбеді-ау,
көкжиектен дірілдеп,
Өбеді бүгін ақ самал
қызығалдақ қырдың гүлін кеп...

Көктем осы –

кіл сезімнен тұратұғын нәзіктік,
Жүр гой бүгін менің жастық үнім бол.
Көктемнің әні нәр беріп жасыл бөктерге,
Күй толды мынау шабытты сазды шектерге.
Тамылжып тұрган –

табиғат еркем бұл кезде,
Асықтым мен де,
ғашықпын мен де көктемге!

* * *

Жеткізбеді ақ сағым – аңсаулы әнім,
Көп іздедім көктемде таң саумалын.
Жанарыма жыр құйып, жақсы үміттен
Жаралғандай тұнып бір қалса-ау бағым.

Көп іздедім көктемді, көгілдірді,
Көкшіл әлем көп өлең төгілдірді,
Сағыныштан жаралған тәтті дүние
Кірпігінен күн күлген өмір нұрлы.

Сезім барда сері өлең жарып мұзын,
Дірілдеді толқыннан алып құзым,
Мен іздеген аяулы арман әннің,
Бұрымдары бұлақ бол қалыпты үзын...

ЖАЗДЫҢ СОҢҒЫ АЙЫ

Жаздың бұл соңғы айында
Тамылжып түрдү мекенім.
Қоштасу жаз бен қайынға
Білемін қызын екенін...

Қайындар түрдү үнсіз бір,
Самалға ермей сыйбырмен,
Көмейге келген тілсіз жыр
Төгіліп кетер кім білген...

Жаз айы соңғы жаңбырын,
Найзагайын ойнатпай
Қырларға сыйласп тан нұрын,
Кілегей сағым қаймақтай...

Тербетіп жұрген саз ба екен,
Жазымның осынау маусымын,
Жыртылып үшқан қаз мекен,
Көлдерде құстың даусы мың...

Төсінде дәні тербелген,
Алтын ғой жаздың соңғы айы.
Нан дәмі шыққан белдерден
Қанатты әндер самғайды...

Таңдайымда қымыздықты дала мен
Тұған жердің саумал, самал дәмі жүр...

Алыс енді балалық та,
Бал дәурен –
Өмір етті емексітіп, алдаumen...
Қолға қонар деген сонау бақыт құс –
Әлі ұшып жүр көкте биік самғаumen.

Тәтті елестер бу боп ұшты, сейілді –
ақ тұмандай ақ жаңбырдай кейінгі...
Қалды жалғыз жүректе бір сезім от,
Сәбидей пәк,
періштедей пейілді!..

* * *

Қаңсыды көніл, қалды құр –
Үміт қып алда таңды бір...
Жүректен бірақ көшкендей –
Жібітер сезім жанды бұл.

Жабырқау ойлар –
жаяу қылыш,
Күпсіген күпшік, қауға ұрып,
Зенғіріп кеткен сияқты,
Өмірдің өзі даурығып.

Аласапыран ой кешіп,
Өзіммен өзім сөйлесіп.
Жанымды жеген жыр пері –
Анталаң тұр-aу қой десіп.

Арманды күндер алыстап,
Корғасын мұндар жанышпак.
Жапырағынан айрылды
Жастықта сонау таныс бақ.

Белеске қонған көк сағым,
Шақырма, мені тоспағың.
Киялға біткен қанаттың
Топшысын қып таstadtым.

Езілдім, әлде мұжілдім –
Мәуесін жимай күзімнің?
Сусыған құмдар жабады,
Сорасын менің ізімнің...

* * *

Білесің бе махабbat мағынасын,
Егер білсен,
біреуді сағынасың!
Соны ойлайсың серік қып қиялына
Тәніріне табынып,
жалаңнасың!

Өзгересің,
өзінді ұмытасын,
Көз отыңмен біреуді жылытастын.
Мінез деген өзгеріп, жібектеніп,
Өмір үшін,
өзіннен бір ұтасың!

Гүл біткенге еселеп ғашықтығын,
Мың тілейсің – аспанның ашықтығын.
Жүрек отың өртейді, шынықтырып
Балалықтың боркемік жасықтығын!

Өзгересің, өзіннен алыстайсың,
Өзгелерден бел шешіп қалыспайсың.
Ғашық болып көру бар,
көре білген –
Көкіректі ойменен жаныштайсың...

Жүдейсің де, жабығып көресің де,
Торығудың жүзесің кемесінде.
Бойыңдағы қуатты сенім күші –
Тоқтатпаса күресің,
көнеспің де!

Ұнау үшін сол жанға лапылдайсын,
Жанып тұрган жалаңға жақындаіссын.
Алғашқы рет жыр жазып,
алғашқы рет
Дүниеге келетін ақындаіссын!

СЕЗІМГЕ ҚҰЛМЫН

Махаббат сезім қол бұлғай берді-ау,
Жастықта бәрін ұмыттық дейтін.
Көнілдің бұлты жаңбырлай берді-ау,
Тағдырым осы – шырық бітпейтін.

Қашанда бақыт іздегесін бе екен,
Арманнан байлап қиялға қанат,
Өмірден үміт үзбекесін бе екен,
Құшаққа гүлін сиярга балап...

Сеземін жүрек дүрсілін қатты,
Сеземін әлі – сезімге құлмын.
Бойымда қаным бұлқынып ақты,
Жалқыны бар көзімде нұрдын.

Алатын әлі сыбағам бардай,
Жастыққа мойын бұра да берем.
Шөл асып келіп құлаған нардай,
Сағымды көріп тұра да келем...

* * *

Өкініші көп,
Бозбала, бала күнім,
Әттең деген бір арман, қалады ұғым.
Әттең, әттең, қолыма қонбай кетті
Бір сұлу қыз – қара көз, қара бұрым.

Сүйді мені,
Сүймеді – екшемеймін,
Бар бақытты тек соған төксе деймін.
Әттең, әттең, осы бір жүрек сырым –
Тым болмаса кешігіп жетсе деймін.

Тұрап ем ғой,
Бере алсам тұрақ сертте,
Қара бұрым қалды алыс, жырақ, шетте.
Әттең, әттең, болуым керек еді,
Батылырақ.
Бір рет, бір-ақ сәтке!

ЖЫРЛЫ ЖҮРЕК БҮЛҚЫНАДЫ

Дір-дір етті тұнгі шамдар,
Бағанада жел шайқаған...
Дауыл түрар бір нышан бар,
Тұнде мына мен байқаған.

Адам елеп жатпайтын еш,
Дауыл таңда бір тынады.
Таңға дейін таппай тыным,
Жырлы жүрек бүлқынады.

Тұннен іздел жан самалын,
Жүрем желге бетім беріп...
Таңды тыныш қарсы аламын,
Тұнгі дауыл секілденіп.

* * *

Өлеңдерім – балғын әлі,
Талпынады жыр құсы.
Жасыл жаздын шалғын әні,
Бал бұлақтын күлкісі.

Өлеңдерім – балауса әлі,
Көнілімнің көктемі.
Арай таңның алау шағы,
Жастығымның от лебі...

Өлеңдерім – іңкәр әлі,
Жана тұскен – өрт сезім...
Көмейімнен жыр тамады,
Болашаққа серті өзім.

Өлеңдерім – бақытты әнім,
Бақытты әнім – Отаным.
Татсам егер уақыт дәмін,
Мен өлеңнен татамын...

МЕН ӨРТЕНІП, ЛАУЛАП ЖАНЫП БАРАМЫН...

Он жыл бұрын кездеспеген, қарағым,
Тынышымды алып,
неге маған қарадын?
Жәудіреп-ақ түр екенсің, қайтем-ай,
Он жыл бұрын түсте көрген жанаарым...

Он жыл бұрын түсте көрген лағылым,
Жүргегіме төктің дүние жарығын!
Нелер жылдар іздел, мұлде шаршаған,
Мынау әлем қайта түрді сағымын...

Махаббатта мұн болады –
біл, – дей ме,
Мәңгі аңсан,
мәңгі шаршап жүр дей ме?

Он жыл бұрын кездеспеген көгершін,
Аппақ құсым,
аяушылық білмей ме?
Он жыл бұрын кездеспеген, қарағым,
Тынышымды алып,
неге маған қарадын?
Жәудіреп-ақ түр екенсің, япырмай –
Өмір бойы аңсан жүрген жанаарым?
Мен өртеніп, лаулап жаңып барамын...

* * *

Жүргегімді тұрушу едің жылытып,
Шыныменен кеткенім бе ұмытып?
Күнделікті күйбен тірлік, сірә, бұл –
Тынбақшы ма мені мұлде құрытып?

Сезімімді лапылдатып, от қылып,
Жандырушы ең, ол да бір кез – тәтті үміт.
Дүниеге көз тоймастан қараған,
Тоғышарлық тонап алар жоқ қылып.

Көздерімде нұрлы шуақ, мейір көп,
Қыздарды да құлай сүйгем пейіл бол.
Өшті сол от, өзің әлде өшірдің,
Талапсыздар тобырына бейімдеп?

Кешір мұза, кешір мені, жыр-тәнір,
Тагы менің талабымнан бір табыл.
Енді менің шегінетін жерім жоқ,
Қырық деген қызып шабар қырқа бұл.

МЕН СЕҢІ АҢСАЙМЫН

Мен сені аңсаймын көп,
Тұн үйқымды тәрт бөліп.
Мен сені аңсаймын көп,
Ет жүрегім өрт болып.
Мен сені аңсаймын көп
Көктемді сағынған бақтардай бол,
Құс қайтқан сонау жылы жақтардай бол,
Бұлақ бол, өзен бол, өмірге ағын бол –
Таңдардың кірпігін үялтқан сағым бол.
Аңсаған жүрекке жалын бол,
Мен сені сағынған шағым көп!
Домбырага тағылған он екі перне бол,
Аңсаймын өлең бол, терме бол.
Мен сені аңсаймын аққусыз көл болып,
Жүрегім көк айдын мамырлап кел қонып.
Мен саған талпынам қанатым – жел болып,
Өзіңсіз шөлдеймін қарақұм шөл болып
Мен сені аңсаймын көп,
Парасат ізеттердей –
Көктемде келсенші, саргайған күз бол келмей.

* * *

Кеш түсті тағы – ың да шын,
Ойдамын жалғыз осы мен.
Жыр дейтін асқақ шың басын
Дей көрмен жалғыз басып ем.

Сағыныш оттан балқыдым,
Күлкінен маржан шашылмай.

Есінде болар – алтыным,
Қыдырған кештер осындей.

Жұлдыздар ақты тәбемнен,
Тағы да бәлкім ағар-ау...
Аспан кең ғой дегенмен –
Талайын тағы жағар-ау...

Жұлдыз бол құлап түнекке,
Кетті дер сені ойым жоқ.
Сен мендік аппақ жүректе
Кетерсің мәнгі айым бол!..

АЛҒАШҚЫ СЕЗІМ

Көктем бе еді, жаз ба еді,
Әйтеуір ыстық кез еді.
Бұлбұлдар әні сазды еді,
Есілдің алқа өзені.

Балауса балғын шақтар-ай,
Гүл тере келдік бір топ бол.
Балалар біздер – ақ тоғай,
Ал қыздар гүлдей бір шоқ бол.

Көнілдер көктем гүл еді,
Көздің бір жауын алғандай.
Түрулі қыздар білегі,
Гүлдерді құшып қалғандай.

Көздерден үшты армандар,
Бұлқынып жатқан кеудеде.
Орманнан алыс аңғарлар,
Шапаттап шаттық сәуледен.

Үзуге бірде таңмын мен,
Еңкейе беріп бір гүлді?!

Көрдім де қатып қалдым мен,
Күлімдеп тұрған құрбымды.

Қыз менен бір сәт бұрын кеп,
Үзді де шіркін ол гүлді.
Сол күйі келіп күлімдең,
Кеудеме менің қондырды.

Оралып нелер ойға сан,
Құмпырып кетті таныс бақ.
Барады екен байқасам,
Басқалар бізден алыстап...

ТАҒЫ БІР ҚАРАШЫ...

Жүректің сыры бар,
Бақыттың нұры бар –
сенің көздерінде
Өмірдің мәні бар,
Бұлбұлдың әні бар –
сенің көздерінде.
Арманның асқары бар
Махаббат дастаны бар –
сенің көздерінде.
Ізгілік шапағы бар.
Құйылып жатады нәр –
сенің көздерінде.
Бұлақтың қайнары бар,
Сағыныш айлары бар –
сенің көздерінде.
Самалды жылы тұн бар,
Менің үмітім бар –
сенің көздерінде.
Сенің көздерінде –
бақытпен көріскем,
Тағы бір қарашы,
қара кез періштем!

* * *

Тұн ортасы,
тағы да тұн ортасы.
Ой құғаным – сезім мен жыр арқасы.
Қала түгел үйқыда,

Жүрегіме
Қап-қара тұн,
Сен неге мұн артасын?

Мұн емес пе,
анығы мұн емес пе?
Батып кеттім тұңғиық
бір елеске.
Үйқымды ашып, қиялға серік болып,
Фашық болған бір жас қызы
Жүреді есте...
Кінәлі ме,
Ол оған кінәлі ме?
Жо-жоқ, оған жоқ жүрек – құмәні де.
Берілген жоқ ол менің жырларыма,
Құмар болдым мен оның бір әніне.

Әні сондай сүйкімді,
әні сондай.
Тұнде отырам әлі де табысадай.
Сондағы жаз, айсыз тұн, қаранды тұн –
Әні болмай,
Жүр енді сәні болмай.

Әттең, жырлар жетпеді
Тілегіне.
Бермес еді-ау жүректен мұн егіле.
Бәрі де алыс –
Жағалау, жастық алыс,
Айтшы, жаным,
Үйқысыз тұн емі не?!

* * *

Өзің гой маған арман боп,
Жанымда алау қонғанда от.
Үгыса тұра, ынтыға, –
Мен сені сүйе алғам жоқ.

Балауса шақта көктеген,
Жазғам жоқ онда отты өлең.

Мен сені сүйе алғам жоқ,
Батылдығым жетпеген.

Тылсым бір сиқыр ойды орап,
Маужырап жатты сайды бақ.
Мен сені тұрдым, сәулем-ау,
Көзіммен ғана аймалап...

Жанарда бақыт нұр тұнып,
Жүргім тұрды бұлқынып.
Қолымды соза алмадым,
Жаным-ау, саған ұмтылып?!

Ынтығым өшпес өмірде,
Сүймеген сол бір ерінге,
Алғашқы ұяң махаббат –
Сол болар-ау, тегінде!

САЙТАН ОТ

Сайтан ойлардың әлегі,
Кейде ойнағың келеді.
Қыз ба, әлде келіншек, –
Бәрібір көніл дәмелі.

Ұмытып үйді, тұрмысты,
Тартады осы бұл күшті.
Қондырам дейсің кеудеге,
Жылына қонар бір құсты...

Тауысып барды, шашылып,
Қалтадағыны жасырып,
Көрсеткен сайқал жомарттық,
Бола ма деймін асылық?

Жүректі бір сәт күйдіріп,
Сүймейтінді сүйдіріп,
Сайтан ойлардың әлегі –
Қимасты қойды қидырып.

... Көктемгі даала,
жарық ай,
Жанымда болған бір ақ құс...
Балалық, көзсіз шағым-ай,
Қайтейін енді жырақпыз!!

Күә қып айды бақытқа,
Ақ құсты ессіз сүйген ем...
Сонау бір жасын уақытта
Жалындал жанып күйген ем...

Ақ көйлек киген ақ құстың
Шашына қара тұншығып.
Жанымды өртеп жатты
 ұшқын,
Жарық ай сонда тұрса ұғып...

Үрладым аңғал қымбатын –
Тұнді мен бекер тұл еттім?
Қаранғылыққа мұн жақын,
Білмегені ме жүректің...

Ағыл да тегіл
 ақ құсым,
Көзінің жасын тия алмай
Мұнайып ұнсіз
 ақ мұсін –
Жарық ай сенен ұялды-ай...

Жұғіріп кетті топ талдын,
Көлеңкесінде жоқ болды.
Қуа алмай қалдым,
 тоқталдым –
Жұрегім толы шоқ болды?!

Жарық Ай бұлтқа кірдің де,
Қою тұн басты өнірді...
... Ақ көйлек бертін
 бір тұнде –
Ағарандап көрінді...

Біреудін бірақ ошағын
Маздатып жағып жүр екен.
Жарық Ай үмыт,
жас өнін –
Басқаға арнаған гүл екен!

Қателік болса кеш дерге –
Жарық Ай бүтін ойлы екен?!
Мен күә болған кештерге,
Опасыз болдың дей ме екен?!

* * *

Гүл дегенің көктем менен
жазға сән,
Қол жетпейді оған қолың
созбасаң.
Мениң саған қалай ғашық
болғаным –
Өзің жайлы тәгілтіп жыр
жазбасам?

Өзің де гүл, есімің де гүл еді,
Сол бір жырлар мәнгі
есімде жүреді.
Маған алғаш қолға қалам
алдырган –
Өзің жайлы бір балауса
жыр еді...

Сол балауса жырдан алып
қайнарын,
Талай тұнық сыр-сезімге
бойладым.
Маған арман болатұғын
раушан-гүл,
Мәнгі солмас бақытим
деп ойладым!

Онда біздер шуақты едік,
нұрлы едік,

Өмірде бұл мүн барын
да білмедік.
Жатақхана, қос терезе
қатарлас –
Күншуақта ғұмыргұлдей
Гүлдедік....
Куанышпен күлкімізді бір
бөліп.
Сырласқанда жүруші еді-ау,
шіркін-ай,
Киялымыз Айда қалқып,
Күнге еніп...

Өтті бәрі, кетті бәрі елес
боп,
Артта қалған жылдар алыс
белес боп...
Қанша сені ойламайын
десем де, –
Балқаш жақтан еседі бір
жел ескек...

Өзге тірлік, сезем салмақ
артарын,
Бірте-бірте мен де тізгін
тартамын.
Жырым солып бара
жатқан сияқты,
Гүлім солып қала ма деп
қорқамын?!

* * *

Он сегіз не – оттай лаулап жанбаса,
Бақытың не – жанаардан жас тамбаса?
Өмір-өмір болмас еді далбаса,
Менің сонау махаббатым болмаса!

Сағыныш не – сағынарың алдаса,
Сенімің не – аяр сезім арбаса?
Өмір-өмір болмас еді далбаса,
Менің сонау мөлдір шағым болмаса!

Сенесің бе, сүйкімді –
Қылығыңа құлаппыш!
Бөлдім сенің үйқынды,
Бөлдім жаным бір-ақ тұн...

Жыр оқыдым, бөледім
Сені тәтті қиялға,
Менің інкәр өлеңім
Аймалады-ау, ұялма?!

Жанарында нұр тұнып,
Көрдім қонған бір шықты.
Ішкі жалын ұмтылып,
Сыртқы жалын тұншықты...

Адалдықты, ақ тұнді –
Пір еткенсің, сенемін!
Құдай сені қақтырды
Обалымнан дер едім?!

Қолаң шашқа көмілген,
Мәрмәр иық, биік тәс,
Қаны тамған еріннен
Қана алмадым сүйіп те еш...

Күттің бәлкім батылдық,
Әлде ожар тағылық?
Менде, жаным, ақындық,
Тұрды шамы жағылып...

Сөндірмедім шамды сол,
Сені үркітпей, шошытпай.
Кез ілмestен таңды сол,
Жыр оқыған ғашықтай...

ТАЙГАДАҒЫ ТҮН

Сары алтындағай бұраңдаған бұрымын,
Көк көзің де

бермей жүрек тынымын...
Шилка деген қаласында Сібірдің,
Жанар отқа күйгендердің бірімін.

Вокзал басы...

Ығы-жығы халық мың.
Перрондамын. Жалғыздықтан жалықтым.

Бұраң белді, билеп басқан періштем,
Неге, неге?
Неге маған жолықтың?

Сен – бақытсын, сиқырлы саз, тәтті әні,
Мен – көбелек, отқа күйген от тәні...
Көзбен ғана ұғысқамыз, шіркін-ау,
Махабатты-ай,

сол бір жастық шақтағы!

Жалғыз тарам темір жолдың таспасын,
Анық еді-ау, жеке, жалғыз баспасым.
Тұнгі тайга түрді-ау сонда тұнжырап,
Білгендей-ақ бізді тағдыр қоспасын.

Қос рельстен қатар ұшқан құстардай,
Соңымыз жаз, артымызда қыс бардай,
Жүрек үркіп, көніл үркіп келеді,
Қара орманда қарақшылар ұстардай...

Сен де қашқын,
Мен де қашқын дәстүрден,
Тіл тауыппыз қосылмайтын қос тілден,
Жанардағы қуаныштың жасына,
Лұпілдеген жүрегімді тостым мен!

Ақ тәнінді жапырағы жаппаган,
табигат-ай,
одан пана таппагам.
Ақ торғынды, ақ тәсектің үстінде
Сенен басқа жоқ қой шіркін,
тәтті адам!

Сен күйдірдің, сен өртедің,
Өлтірдің –
От-жалынын баса алмаймын өртінің.
Менің мына бейкүнә бұл жанымды
Бір сүйіспен тәубесіне келтірдің.

Бір сүйіспен мәңгілікке құл қылдың,
Енді өзіңсіз тұман дүние,
бұлдыр күн.
Қолдан мына келетіңі, шіркін-ау,
шайыр болып,
шайылмастай жыр қылдым...

Шайылмастай ақық еттім,
Гәуһарым –
Сезбесен де сезімімнің шалқарын.
Сені мына бұла көніл тұнныққа,
Тұнғиыққа,
Мөлдіріммен тартамын!

Үшінші деңгі

**БАЛЛАДАЛАР
ЖӘНЕ ТОЛҒАУЛАР**



ЖҮЙІРІКТІҢ ТАҒДЫРЫ

(Баллада)

Халықпаз ғой қашаннан жады терең, ой құмар,
Данамыз көп қастерлер, естеліктер айтылар.
Ғасыр тойын ЮНЕСКО өзі тойлап отырған
Сәбен бізге, қазаққа шежіре сөз, бой тұмар.

Тарих болып қалады қимағанмен өткен із,
Соны үрпаққа жеткізер біз алдыңғы шептеміз.
Заманымыз алшақтау болғанымен бірақта,
Сәбен жазған өмірдің мектебінен өткеміз.

Алпыс жылдық тойында бала кезде алыстан,
Көз түскенмен алыпқа, жоқпаз бірақ танысқан.
Ауылында ұлы той жасап жатты, япыр-ай,
Зұлмат жаман шенгелден аман қалған арыстан.

Бүгінде ғой жыл сайын дүбірлеген той боп жүр,
Бұлбұлдардың орнына құзғындарың сөйлем жүр...
Алпысыншы сол жылғы, сол бір тойды айтсаңшы,
Қуанышқа кенелген Есіл өнір, ой мен қыр.

Ол алғашқы тойы еді есін жиган елімнің,
Сол бір маусым айын-ай тамылжыған керім күн.
Ауылым ғой байлады қос бәйгені қоржынға,
Мәртебесі аспандап менің туған жерімнің.

Қуанышты сонау бір бүгін қайта түлетем,
Өтсе дағы қырық жыл әлі есімде жүр екен.
Аламан бәйге жарыста шаң қаптырған талайды,
Шабдар аттың тағдырын жадыма алып, жыр етем.

Тұрқы қысқа болғанмен, кең болатын шалымы,
Құлағыма жетеді жойқын шабыс сарыны.
Қарапайым болса да, қойны толы қазына,
Шабдар аттай шабысты Сәбеннің де дарыны!

* * *

...Сәбит өзі тойында шапан жапқан жүйрікті,
Су тартатын көлік қып, бізге тағдыр сый қыпты...
Коғоз соғыз болса да, ауылдағы басшылар –
Конышынан басқан кез сол баяғы билікті...

Өгіздердің ол кезде күші кете бастаған,
Сиырлардың құні өткен – парда бұзау тастаған...
Өмір өрге бет бұрып, машина мен трактор –
Жұмыс күші болды да алға қадам басты адам.

Тәубә деген немене бола алмаса мұрындық,
Кей мінезді тоқшылық жібергенде қырын қып?!
Басқарма мен басбұхты сөз етуге бола ма,
Біздер өзі алдымен сол сырқатқа ұрындық.

Баламыз ғой қайтейік, өмірдің көп тылсымы,
Жанарымыздан жасымыз кейін ғана ыршыды...
Біз безбүйрек емес ек, бізді үйреткен –
сол уақыт,
Ауылдағы дөң айбат басшылардың қырсығы!

Бірді бастап, бірді айтып кетті неге демегін,
Бар болғаны көңілден көп елесті елеңдім...
Сәбит ата ауылында алпыс жылдық той өтті,
Сондағы озған жүйріктің айтам соңғы дерегін!

* * *

Біздің ауыл мерейі үстем болып, дәріпті –
Сол бір тойда шабдар ат қалың топты жарыпты...
Және де бір қуаныш – фермамыздың бастығы,
Жас палуан Есмағзам бас бәйгені алыпты.

Сонда тойдан қайтқан жұрт тасыған-ай, тасыған,
Балалар да шуласып шабдар аттың қасынан.

Әлі есімде шіркін-ау, Қапен деген жылқышы,
Сүйе берген еді ғой жүйрік аттың басынан...

Сүйген, сосын жылаған... Жылап тұрып кеңкілдеп,
Шыққан сөздер тізбегін жиып-тердім бертін кеп...
Жылқышы қарт сонда айтқан:
– Ақанайдай бабамыз,
басын ііп, алдына тастар еді бәркін, – деп...

... Безген шақта еріксіз Торғайынан, Қыпшақтан,
алып шықты бір байтал оқтай зулап, құсша атқан...
Құған жауға жеткізбей, көбік көмген сол шабдар –
осы жердін пүшпағын бабамызға ұстатқан!

Шабдарым-ай, жарадың, сол бабамның көзің,
Шабдыр байтал ұрпағысың, сезеді тек өз ішім.
Аман болшы, жануар, аман болшы, – деді де,
Алыстады Қапен шал оғаш көріп өз ісін...

Сұлуға да, жүйрікке де көздің сұғы көп тегі,
Сол бір құрмет, әттеген-ай, бір жылға да жетпеді.
Қотыр мінсе бөксесі қажалмайтын есепші,
Ана-мына жүріске жүйрік атты ерттеді.

Басқарманың мінгені – жорға қоңыр тәбел-ді.
Шабдар мініп есепші міне соған теңелді.
Шіркін уақыт – зауал шақ, көңілдегі соқырлық,
Білмейді еken шынымен обал, үят дегенді!

Тойға барды ат ерттеп, машиналар тұрганда.
Атақ құмар адамдар арзан сайран құрған ба?
Қантарулы тұратын таң атқанша қайран ат,
Көзінен от үшатын кейде бастан ұрганда.

Жалған бедел, мақтаныш – жүйрік мінген жаманға.
«Бастан ұрган пақырды тастар ма еді табанға» –
Дегендер де бар еді, бірақ қолдан не келсін –
Шайқағандар шайқады билік тиген заманда!

Басқарма мен басбухтар ол кезде әлі мығым-ды.
Олар ғана тартатын «Қазбек» дейтін шылымды.

Шабдар атты жетектеп өзі қырға кетті де –
Мініс атын жегулі кетті бізге қалдырып.

Сонда біздер нені үқтық, бүгін есте жоқ мұлде,
«Қайран Шабдар» – деген сөз түсে берді тек тілге.
Жабау атты жетектеп жаяу бір жан барады
Сол бір сурет қалды рас, елес болып көп күнге.

Сезді бала көніл де жүрекке мұз қатқанын,
Кейінде, рас, көп көрдік жүйрік-жұлдыз батқанын,
Ұмытпаймын тек қана, ұмытпаймын мәңгілік
Шабдар ат пен Қапеннің жылап бара жатқаны...

Жеткенімен жылқыға жүйріктен өл кеміпті,
Жоңышқадан бас тартып, сұлуудан да жеріпті.
Үш күн жатып көз жұмған Шабдар атты
Қапен қарт,
жалғыз қайың түбіне терең қазып көміпті.

Мұның бәрі ауылға кейін жеткен әнгіме,
Жылқышы қарт серігі айта алмады мәндіре.
Сол кезде жылқы басында үқты дейсің кім жанын –
Пырағынан айрылған қыпшақ ұлдың мәңгіге!

* * *

Содан бері тумай жүр елге лайық тел құлын,
Көрсететін даланың дүбірлетіп кеңдігін?
Әлі күнге аты аныз, сол бір жүйрік
Шабдарды,
Корлағанмен бір адам кемітпепті ел құнын!

Шығарманы көркем сөз деменіздер нәрлейді,
Алыптарды қашанда халық өзі нар дейді.
Ауыл кеңес ағасы Есмағзамның үйінде –
Сәбен өзі Шабдарға жапқан шапан бар дейді!

Арман болған адамға бір таба нан,
Ол күндерді оралтпа, Нұр тағалам!
Құзғындардың тырнағынан өзінді –
Қорғап қалған сияқты Ұлпан анаң...

Қол қойғаның ел қамы, ел мұны еді,
Шыдамады-ау қыргынға ер жүрегі.
Көсем білсе түзелер деген оймен,
Ізгі ниет сол хаттан өрбіп еді...

Күттің хатқа жауап пен «ұнде mestі»,
Қонағыннан қорқып күнде кешкі.
Құдай сені қаққан гой, қайран ағам,
Ана төртеу ұсталып, түрмे кешті...

Заман солай, тағдырмен ойнағасын,
Кеүіп мына қалмайды қайда басын?
Зұлмат күндер жіберді-ау тенестіріп,
Тақыр кедей, кешегі бай баласын.

Айтып берер турадан тайғанынды,
Өмір бертін бәрін де айна қылды.
Батыр деп атамаймын қалай бүгін,
Қорықпай хатқа қолын қойған ұлды.

Ғабит аға, мен енді ойланамын,
Болған-ау, сірә, қайсар бойда нәрін.
Айта алмаған ешкім де дәл өзіндей,
Ауылымды аштықтың жайланағын.

Жәбір салып жаныңа айқындығың,
Жогарыға жетпеді-ау айтЫМды үнін.
Бірақ сені қайрады қайрағында,
«Ол жау болса – мен де жау» дейтін күнін...

Ізіне шырақ алып өштілерін,
Түсіп аи, білсен дағы сес тілерін...
Бейімбетке араша болғанда да,
Қаймығып көрген емес еш жүрегін.

Қаншама күн кешкенмен күніреніп,
Қазақ та келе жатыр іріленіп.
Әрқашан тұлғаң биқ, Тұрар аға,
Бесеудің бізге жеткен бірі болып!

Сағынышын жетті-ау ақыр еліне,
Тұған жерге, айдын шалқар көліне.
Содан бері ғасыр өтіп кетсе де,
Сағыныштың қана алмаймыз шөліне...

II

Сағындырган жыр жұлдызы Мағжаным,
Әлі бізге толық жетпей жазғаның,
Жүрсे дағы, бар мұранды оқып-ақ,
Сағыныштан күйіп кете жаздадым...

Неткен сенің гауһар еді жүрегін,
Неткен сенің шалқар еді жүрегін?
Сардаланды, Сасыққөлді сағынып,
Тұран елдің тіршілігін тіледін.

Өрлігінді досың түгіл, қас та үғып,
Кейбіреулер тас лақтырып, қас қылып
Отырганың біле тұра өттің ғой,
Үлтың үшін жан пида қып, бас тігіп.

«Абақтыда айдан, күннен жаңылып»,
Көп пендениң бірі болып жабығып,
Жүрген кезде жебеді ме жаныңды,
Алаш елдің күні тuar нар үміт.

Тіршіліктің қиоын көп бұлдірген,
Зар заманда оның бәрін кім білген?
Атыла ма, асыла ма азамат,
Айту қыын, қызылдарың дүр жүрген.

Тұрса дағы жанды солар жарапал,
Шабытыңды шарық тасқа жанап ап,
Темір тордың ар жағында отырып,
Сағынышты жыр жазғаның ғаламат!

Бірге жүрген құрдастарды сағынып,
Ой бөлісken сырластарды сағынып,
Жүрегінен жыр төгілді-ау түндерде,
Қыран үшқан нұрлы аспанды сағынып,

АҚЫННЫҢ БАҚЫТ ҚҰСЫ

(Tripthix)

I

Мәз болыппыз жылдар өтіп, озғанға ай,
Тарих тоны жатыр әлі қозғалмай.
Еркіндікке бас тіге де алмадық,
Қырық жаста қыршын кеткен Мағжандай!

Мол дауылы, найзагай мен жасыны,
Бізден озған түп-тура бір ғасыры,
Замананың занғар үнін жеткізген,
Алты алаштың сол еді ғой асылы.

Тұркі елім деп, Алашым деп, жұртым деп,
Жүрек жырлап, күрсінбеген бір күн жоқ.
Мүмкін содан алған шығар бастауын,
Бұла таңы бостандықтың біртіндең.

Сарыарқаның, Сасықкөлдің сұңқарын,
Тұмшалаған күнді қойшы тым тарын.
Еркіндіктің еркін желі ескен соң,
Иемденіп шыға келді-ау жыр тағын...

II

Сол құрметке, ақын туған ауылда,
Ақ қайынды қалың орман бауырда.
Тас тұғырда ескерткіші қойылды.
Үлгі болар ендігі жас қауымға.

Той дейсің бе, тойдан гөрі салмақты,
Бұл жиынды әкім өзі қолдапты.
Соны ашуға дүйім халық жиналған,
Тағзым етіп ақынына ардақты.

Еркіндікке тәркі еткен өз қанын,
Қайта оралған сияқты ғой маздақ үн.
Ескерткіште өр кеудесін көтеріп,
Өлмес өлең оқып түрдү Мағжаным...

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫҢ СОНҒЫ СӨЗІ

Қазақтың болған ағасы,
Қожаберген ғадыл ер,
Қадырын білген қалың ел.
Бүхар жырау.

Ғасыр гұмыр аз емес бір адамға,
Сабыр табар сәт таяу мына жанга.
Сонғы сөзбен сыр шертем, халқым, саған,
Одан артық қалдыра尔 мұра бар ма?

Бауырыма бассам да Гұлтөбені,
Гұлтөбем неге сағым бүркенеді?
Жау қуып, жарқылдаған қайран жастық,
Өзіңнен бастау алар сыр тереңі...

Керейде Ашамайлы – Көшебе едім,
Батыры, жырауы әрі шешені едім.
Құдайдың маған берген бағы шығар,
Ордабасын ұстағам кешегі елдің.

Кенжесі болсам дағы қатар ұлдың,
Өмірдің сыбағасын тата білдім.
Аруағы қолдаған шығар мүмкін,
Нагашы атам – Жалаңтөс Баһадүрдің?!

Он жетімде батырлық айбатты алдым,
Жекпе-жекте талайды жайратқанмын.
Алдаспаным ойнаған найзағайдай,
Төбесінде қалмақтың, ойраттардың...

Білімі ғой Самарқант, Бұхараның,
Араб, парсы тілдерін бұталадым.
Менің жастық шағымда ел билеген,
Тәуке ханды тәнірім тұта аламын.

Бишілдігім, бар және шешендігім,
Елдің ойлап саулығын, есендігін.
Татулықты ту еткен елші болдым,
Алауыздық қашанда кеселді мін.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ МҰНЫ

(Баллада)

Көздің жасы жылай-жылай,
Шықпай қалған секілді.
Кім ойлаған бұлай құдай,
Қылады деп жетімді?

Бұл да бір кез ошағы бар,
Бір түтіннен кем бе еді?
Тағдыр қосқан қосағы бар,
Бақыт күткен пенде еді.

Шашы қара, көзі қара,
Сұлу еді-ау сүмбіле.
Бір ошақтан өзі ғана,
Қалатынын білді ме?

Ұл-қызы туып, сәби көріп
Тал бесік те тербеді...
Жүретүғын әр үйде өріп,
Немере сүйсө кем бе еді?

Жайып салып төрін кенге,
Той еткенде күнді не.
Көзін сүзіп көрінгенге,
Жүретінін білді ме?

Білмеді гой бұлдіргілі
Өмір тәрік етерін.
Болатынын – бұлдырып күні,
Бақыт алдақ кетерін.

Өктем мезгіл – мұн ішінде,
Кеткен жанын қуырып,
Жарын алды түн ішінде,
Қойынынан суырып.

Жан жарасы – қыжыл десек,
Күйік екен, қалды-ау із.

Қызын алды қызыл шешек –
Қызыл иек жалмауыз.

Жайлады да пәк жүзін мұн,
Батты-ау терең қайғыға.
Кейін қалған жалғыз ұлын,
Соғыс жалмап қойды да.

Білмей жардың тіл-хабарын,
Ұл-қызы жүрек тілдіре,
Дәл осылай тұл қаларын,
Тұл қаларын білді ме?

Бүгін, баспай қалғанда аяқ,
Ағайынның неткені,
Жалшы болып жалданбай-ақ,
Сия алмаспын деп пе еді?

Жастау кезде жапа кешіп,
Медет көрсे тіріге ем.
Шыққаны ма қателесіп,
Отыменен, күлімен?

Екі үй көрші, екеуіне –
От та жаққан бұл еді.
Бірақ соның өтеуіне,
Қандай пұлды тіледі?

Сөндірмесе үйінде от,
Жарын күте берген ғой.
Көрші үйдің құлін көсеп,
Өмірін бір өрген ғой.

Жүрмейін деп дара қалып,
Ағайынға, көршіге –
Ана болып, бала бағып,
Келгені де ерсі ме?

Жүрген шақта күйік құшып,
Өз ұлына теліп тегі.

Балаларын сүйіп-құшып,
Емізіп-ақ келіп те еді.

Солар үшін тәнірінен,
Тілеу тілеп құнді не,
Өсіргенде, бәрі бірден
Қор етерін білді ме?

Білмеді ғой, бұлдіргілі,
Тағдыр қатал екенін.
Болатынын бұлдыр күні,
Олар алдаң кетерін...

Санарап ма өзін әлі кемге,
Секем алсын көңіл нені?
Қыын болды-ау бәрінен де,
Құбылжық боп көрінгені.

Ай тұтылды, сөнді күні,
Енді қайда бара алады?
«Жынды!» дейді енді мұны,
Өзі емізген балалары.

Кім естіді ақырғы үнін,
Ақтыхы үнін ананың?
Масыл болып отыр бүгін,
Білмей қайда баразын.

Баққан ғой жат босағаны,
Өмір жолы тек түзу де...
Шешті бәрі осы ананы,
Жетім үйге жеткізуғе.

Мейір беріп оң қабақтан.
Ара түсер бауыр қай?
Бәрінен де жанға батқан
Осы болды-ау ауыр жай.

Көздің жасы жылай-жылай,
Шықпай қалған секілді,

Балаларын сүйіп-құшып,
Емізіп-ақ келіп те еді.

Солар үшін тәнірінен,
Тілеу тілеп күнді не,
Өсіргенде, бәрі бірден
Қор етерін білді ме?

Білмеді ғой, бұлдіргілі,
Тағдыр қатал екенін.
Болатынын бұлдыр күні,
Олар алдаң кетерін...

Санарап ма өзін әлі кемге,
Секем алсын көңіл нені?
Қыын болды-ау бәрінен де,
Құбыжық боп көрінгені.

Ай тұтылды, сөнді күні,
Енді қайда бара алады?
«Жынды!» дейді енді мұны,
Әзі емізген балалары.

Кім естіді ақырғы үнін,
Ақтық үнін ананың?
Масыл болып отыр бүгін,
Білмей қайда барадын.

Баққан ғой жат босағаны,
Өмір жолы тек түзу де...
Шешті бәрі осы ананы,
Жетім үйге жеткізуге.

Мейір беріп он қабақтан.
Ара түсер бауыр қай?
Бәрінен де жаңға батқан
Осы болды-ау ауыр жай.

Көздің жасы жылай-жылай,
Шықпай қалған секілді,

Кім ойлаған бұлай құдай,
Қылады деп жетімді.

«Артық емес шыбын жаным,
Қос қарғамнан, жарымнан.
Неге сонда жығылмадым,
Болсайшы жүрек жарылған?!» –

деп ішінен аh ұрады,
Дауыс қылып айта алмай.
Өзіне өлім шақырады,
Енді кейін қайта алмай.

«Тағдыр, шіркін, қаталдай-ақ,
Берер ме еken тілегім:
Жетім-үйге апармай-ақ,
Келер ме еken бұл өлім?!»

Мұнын шақты, жалбарынды,
Біткендей ме бар әлі.
Жан-жағына қарманулы,
Демі бітіп барады...

Тілек қабыл, ол да мықты –
Бұл мұңлықты тапқаны-ай!
Көрсетпестен сол тамұқты,
Сөніп бара жатқаны-ай...

БАЛАЛЫҚ БЕЛЕС ТОЛҒАУЫ

Біздің ауыл екі көлдің арасында болатын,
Құс еркесі аққудай-ақ суға малған қанатын.
Ару қыздар –
 ақ қайындар көмкеретін көлді кеп,
Көленкесі көк орманның суға түсіп мөлдіреп.
Балуан көл мен Орта көл деп ат қойыпты
 аталар,
Орман жолын ауылымыздан кесіп жатқан
 жота бар.
Сол жотаның шаңдағына аунап өскен біз едік,
Енді міне келеміз-ау жігіт болып түзеліп.

* * *

Әлі есімде, сол бір жылдың ерте келген
 көктемі,
Күнис тамыр бел оянып мұлдем жылдам
 көктеді.
Бал бұлақтар ағып жатты жылдағыдай
 пәк күліп,
Қозы-лақтар көгендері бір-бірімен қақтығып.
Ауыл думан, қырда думан жүріп жатқан
 кез еді,
Еңбекшілер аңыздарын тіліп жатқан кез еді.
Әкем менің ауырып емханаға түсті кеп.
Анам, екі қарындастым қалдық үйде үш тілек.
Үш тілекпіз – үш өмір, бақыт күткен
 таңдардан,
Көктеменің көгінен, бүршік жарған
 талдардан.
Қырдың нұрлы ақ таңы күліп атқан кез еді,
Шың басына ақ қарды түріп жатқан кез еді.
Бірақ сол бір нұр көктем маған қайғы өкелді.
Кілемге орап, бетін жауып тіршіліксіз әкемді.
Көктемде де сатырлап найзагайлар ойнады,
Бетін сонда мұн бүркеп шағылыпты ай дағы.
Түк естімес керен боп, бітіп мұлде құлагым,
Көктемеде көк белде ұзақ жатып жыладым...

Егістікке бірге барып, штурвалдан көруге –
Менде мына болғанмен, онда бірақ уақыт жоқ.

2

Қабидолладан жолай сұрап жігіт жайлыш
қанақтым:
Оразайдың баласы екен, баласы екен алыптын!
– Танымагам қайтіп, досым,
Жәкен осы, шын ба? – деп,
Сенбегенім-ауосы менің,
аң-таң болып қалыптын.

– Солай, досым,
уақыт деген зымыраған дәңгелек,
Сол дәңгелектен қалыспайтын жүрек керек,
дем керек.
Алаулаған армандар – өскін өмір өшпейді,
біздің бейбіт Отанды тұрса бақыт, ән бөлеп.

Деді-дағы Қабидолла қара жолда тақтайдай,
газды қайта басты бір машинасы аққандай.
Ал, мен болсам,
жігіт жайлыш терең ойға баттым бір,
мәңгі жалғас ғұмырдың шырын дәмін татқандай.

Уақыт деген тынымсыз жарға соққан ағындей,
Қалғанымды қарашы Жәкенді де танымай...
Әкесінен үш жаста жетім қалған бұлдіршін,
шыңға біткен шынардай –
тұлғаланған шағын-ай!

3

Ойхой, далам, көлбеген егіс-теніз толқыны,
маған сұлу көрінді – кереметтей сол күні...
Танаптарында тізілген комбайндар тізбегі,
Ұлы мұхит – молшылық дариясында толқыды.

Тамыздағы тымылжым күннің нұрлы шуагы-ай,
бір жақсылық белгісіндей келер күзде туар ай.
Комбайндар соңынан жал-жал жолдар қалады,
Көкжиекке асыққан бірін-бірі қуалай.

Мен не дейін, жас жігітті үнсіз ғана құптаймын,
Жарыса сөз айттар болсам ұтылмасам, ұтпаймын.
Тенбіл-тенбіл тамыз бұлты бір сәт тағы ыдырап,
құнбатыстан арқаң бойы шапақ шашып
шықты Ай, Күн.

Жоспар жайлы сұрамай-ақ өзі айтып түр жалауы,
Күнбатыстың қуидіргендей қып-қызыл нұр алауы.
Сендергендей дала өзі тіршілігі, көркімен –
Тегін де емес екеніне жас жігіттің қалауы...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Қозыбай қарт ауылдағы шежіре көз кісі еді,
Сәлем бере барған жанға мейірлене түседі.
Әңгімесі таусылмайтын: өткенін мен бүгінін
Пайымдайды, бізге айтады, содан үлгі пішеді.

Бала жастан естіп өскен небір ғибрат сөздерін,
Сәлем бере барып едім сол бір қартқа мен де өзім.
Жүрегіме тыншу бермей осы бір жыр туарда,
Оразайды ойыма алып, сыр тартуды көзdedім.

ҚОЗЫБАЙ ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

1

– Ұмытпасам, сенің өзің сиыр жылы туғансың,
Мынау біздің Сайлауменен допты құғансың.
Білмейсіндер, білмейсіндер, сендер нені білуші ең.
Біздің кәрі көздерден қайтып ақпай су қалсын?

Түрік болсын құлағын, балам, маған жақында.
Онда Балуан колхоз еді Абай атаң атында.
Ой-һой, өткен жылдар-ай, осылай тua салған жок.
Сенің осы совхозың бүгінгі осы қалпында.

Үй болатын онда бұл елу-алпыс шамалы.
Колхоз алғаш құрылған кез, малы да жоқ қоралы.
Бірлестіктен түқым алып соның күтіп өнімін.
Бір-бір тұтін бір-бір сиыр соқаға ортақ салады,

Бәріміз де жаңырлап нән арбаға сиғанша,
Отырғанымыз сол еді, есімізді жиганша,
Гүр етті де әлгі алып жұлқып сүйреп кеткенде
Көкіректерден тәгіліп кеткен еді-ау күй қаңша.

Міне, міне, құш деген, енді қырсық кетті деп,
Сол алыпқа арналды сол бір күнгі көп тілек.
Кеңес алдына жеткенде тоқтады да трактор
Кезек-кезек кәрі-жас Оразайды өпті кеп.

Көздерінен нұр ұшып, жүзі түрдыш-ау алаулап,
Осы болар деп едік өмірде бір қалау бақ.
Қандай асқан бақ болсын әкелгеннен қуаныш
Өзің өскен қырыңа сан жүгіріп, сан аунап.

3

Көктемгі егіс аяқталып, жаз да күліп жеткен-ді,
Қара нөсер селдең төгіп – нәрі қанды көк белдін...
Сол бір жылы жадырап жаз, дағаға гүл тұнғанда –
Бұл басар деп ойлап па едік аспаныңды кептер күн?

Батыстан бұлт қаптады да, тұнек басты аспанды,
Нелер Ұлы Отанымның мерт болды, жер жастанды.
Аналардың жалғыз ұлы туған жέрмен қоштасып,
Елін қорғап, жерін қорғап жауға қарсы аттанды.

Алғашқының бірі болып Оразай да аттанған,
Көкірегінде тұнған шағы еңбек арман – тәтті арман
Жігіттердің жүрегіне болсын дедік шіркін-ай,
Аналардың ақ тілегі, ақ жаулығы – ақ қорған!..

Үш жылы өтті соғыстың да, жау бетін кез қайтарған
Оның бәрін тізіп саған, әрине, мен айта алман.
Мая салып ару қыздар, соқашы боп балалар,
«Қара қағаз» алғандардың шаңырағы шайқалған.

Аналардың ақ тілегі – болған болар панаыс,
Кейбіреудің жаралы қайтып жатты баласы.
Соғыстағы ер жігіттер –
 елге оралды енкеймей,
 Әлі бітіп кетпесе де соғыстағы жарасы.

Алақаны аялап қамқор ана Отанның
Нұр шуағын төкті фой әрқашан да атар күн.
Қартайғаның білеміз, уақыт шіркін, сол деген –
Сендерге қарал мына біз өзіміздің қатардың...

Біздің мына көргенді көрмендерші, тілерім,
Сендер біздің болашақ өскінсіңдер гүл-өрім.
Ерліктеріне еңбекте сүйсінсе енді, сүйсінсін –
Сүйген сұлу даласын менің көрі жүрегім!

ҮШІНШІ БӨЛІМ

1

Даладан терген бір бума құшағымда гүліммен,
Училищені бітірушілер кешіндеңін бүгін мен.
Жәкен бүгін аттестат алатын күн – бақыт күн,
Өнген арман алаулап, өшкен арман тірлген.

Әке арманы тіріліп айта жанар күн бүгін,
Мен де бүгін шаттымын, мен де бүгін жырлымын.
От бол енгін келеді құшағына жыр болып –
Тракторшы достардың,
Комбайншы құрбының.

Сезімдердің селінен айыға алмай қалам ба,
Жүрек жарылып кетпесе жарап еді-ау табандада?!
Құрмет тақтасына ілінген Жәкен сынды інімнің
Қуанышын тең бөліп арқаласам жаман ба?!

2

Аттестатты алдық та тура қырға беттедік,
Қиялымыз ақ қанат кеткен еді көкке еніп...
Жүрегіміз дүрсілдеп ақ самалды аңсады –
Жатқан сонау даладан көкжиекпен шектеліп!

Өмір деген ғажайып нұрға толып кетті енді,
Жүрегіміз аңсады келер егіс, көктемді.
Көз алдымға келеді қызыл тулы трактор,
Жыртып жүрген сонау бір бала белен, көк белді.

Алақаны аялап қамқор ана Отанның
Нұр шуағын төкті ғой әрқашан да атар күн.
Қартайғаның білеміз, уақыт шіркін, сол деген –
Сендерге қарап мына біз өзіміздің қатардың...

Біздің мына көргенді көрмендерші, тілерім,
Сендер біздің болашақ өскінсіндер гүл-өрім.
Ерліктеріне еңбекте сүйсінсе енді, сүйсінсін –
Сүйген сұлу даласын менің кәрі жүргегім!

ҮШІНШІ БӨЛІМ

1

Даладан терген бір бума құшағымда гүліммен,
Училищені бітірушілер кешіндеңін бүгін мен.
Жәкен бүтін аттестат алатын күн – бақыт күн,
Өнген арман алаулап, өшкен арман тірілген.

Әке арманы тіріліп айта жанар күн бүгін,
Мен де бүгін шаттымын, мен де бүгін жырлымын.
От боп енгін келеді құшағына жыр болып –
Тракторшы достардың,
Комбайншы құрбының.

Сезімдердің селінен айыға алмай қалам ба,
Жүрек жарылып кетпесе жарап еді-ау табанда?!

Құрмет тақтасына ілінген Жәкен сынды інімнің
Куанышын тең бөліп арқаласам жаман ба?!

2

Аттестатты алдық та тура қырға бетtedік,
Қиялымыз ақ қанат кеткен еді көкке еніп...
Жүргегіміз дүрсілдеп ақ самалды аңсады –
Жатқан сонау даладан көкжиекпен шектеліп!

Өмір деген ғажайып нұрға толып кетті енді,
Жүргегіміз аңсады келер егіс, көктемді.
Көз алдыма келеді қызыл тулы трактор,
Жыртып жүрген сонау бір бала белен, көк белді.

МАЗМҰНЫ

1-бөлім

ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ

КЕҢ ДАЛАНЫң ҰЛЫМЫН	6
ЖАСАЙ БЕР, ҚЫЗЫЛЖАРЫМ!	8
ЕЛБАСЫНА	10
БАУРАДЫҢЫЗ ЖҮРЕКТІ	11
ЕРКІНДІК ЖЫРЫ	12
ҚАЗАҚПЫЗ	13
ЖЕР-АНА	15
ТУҒАН ЖЕР	16
«ЖЫР ЖАЗУҒА ҚҰШТАР БОЛДЫ ЖАНЫМ БҮЛ»	16
«МӘҢГІ ЖЫРЛАП КЕЛЕМІН...»	17
АУЫЛДЫ САҒЫНУ	18
ЕЛДІ СҮЮ – ЕРЛІК ҚОЙ...	19
«САҒЫНАЙЫН, АУЫЛЫМ, САҒЫНБАЙЫН»	19
ҚАЙЫНДАР	20
ДАЛА СҮЛУ	21
ЖҰЛДЫЗ	22
ТӨРЛЕ, НАУРЫЗ!	23
АНАҒА ЕСКЕРТКІШ	24
АППАҚ ТІЛЕКПЕН	25
АПА	26
МАҒЖАН ЖУМАБАЕВҚА	27
ҚИЯЛДАН ҚАНАТ ҮСТАДЫМ...	28
ӨМІР ҚАНША ЖЫР БЕРЕРІН БІЛМЕЙМІН	28
НУР	29
«АҢСАУЫМ ЖАСТАН АРЫЛМАЙ ЖҮРГЕН КЕЗІМДЕ»	30
ТАҒДЫР ТОЛҚЫНЫ	31
ОҢАШАДАҒЫ ОЙ	32

Тоқтар Зікірин

ЖАН ШУАҒЫ

(Өлеңдер, балладалар, толғаулар)

Редакторы **M.Жұмагалиев**

Техникалық редакторы **K.Мұхамедин**

Суретшісі **H.Наурызбаев**

Басуға 11.05.07 қол қойылды.

Пішімі 84x108¹/32. Есепті баспа табағы 9,0.

Таралымы 500 дана. Таисырыс № **118**

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде
беттеген. 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,
308-көнде, тел.: 243-35-11.